

ТОЗЫП ТҰРҒАНДАР ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов:

БІРЛЕСКЕН КҮШ - ҮЙЛЕСКЕН ІС

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатовтың да қала билісіне келгеніне екі жыл уақыт болды. Әрине, бұл кезеңде қала қатты өзгерді. Қаниама тұрғын үй, әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді.

Екі жыл аз уақыт емес, қала бюджетінің кірісі мен шығысында да көптеген өзгерістер бар. Алайда, бүгінгі әңгіме қаланың биылғы жылдың алғашқы жартысындағы қал-ахуалы. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында Бақ өкілдеріне брифинг берген қала әкімі толық баяндады.

Әкім баяндамасындағы деректер мен дәйектерде қаланың бүгінгі мен ертеңі анық көрініді.

Нұржан Сабитұлының брифингте өзі айтқандай “Мемлекет басысының, Үкіметтің, облыс әкімінің қолдауы арқасында мұның бәрі мүмкін болды”.

Сыр елінің бас шаһарында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етіліп келеді.

Өткен жылы қаланың бюджеті 73 млрд. 100 млн. теңге көлемінде бекітіліп, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш екі есеге артып, 154 млрд. 200 млн. теңгеге жеткен болатын.

Ал, биылғы бюджет 94 млрд. 200 млн. теңге болып бекітіліп, қазіргі таңда облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер арқылы нақты көлем 226 млрд. 632,3 млн. теңгеге жетіп отыр.

Қаржылар негізгі салаларға, атап айтқанда құрылыс, коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қамсыздандыру және кенттер мен ауылдық округтерді дамытуға бағытталуда

Жыл сайын ауыз су және көріз су жүйелерін жанаулау жұмыстарын жүргізіліп келеді. Биылғы жылы да «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 4 млрд. 454 млн. теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асырылуда.

Яғни, Гагарин, Титов, Қызылжарма және Әл-Фараби аудандарында су құбырлар желісінің құрылысы басталады.

Одан бөлек қаламыздағы ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру ісі қарқынды жүргізілуде.

Қаланың орталық бөлігіндегі желілер ауыстырылып, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елді мекеніне қосымша скважина орнатылуда.

Инженерлік-инфрақұрылымды дамыту мәселесі басты назарда. Жыл басынан бері Президент саябағы аумағындағы көпқабатты 15 тұрғын үй мен әлеуметтік нысандарға және Сол жағалаудағы 5 қабатты 10 тұрғын үйге инфрақұрылым тартылуда.

Бұл жұмыстармен қатар қаладағы электр желілері жаңартылып, Қызылжарма ауылдық округінің жаңадан қоныстанған аумақтарына ауыз су және газ құбыры жүргізіледі.

Биыл бюджет қаржысының ауқымды бөлігі халықтың сұранысы мен талабы жоғары болып отырған жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталуда.

Ағымдағы жылы бұл салада жалпы құны 38 млрд. теңге болатын 23 жоба іске асырылуда.

Аталған жобалар бойынша жалпы ұзындығы 71,1 шақырымды құрайтын 71 көшеге құрделі жөндеу, қайта жаңғырту және 1 көпір салу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда қаланың 32 көшесінде күрделі жөндеу жұмыстары қарқын алды.

Өткен жылы 8 көшедегі шаруа толық аяқталса, биыл қалған 24 көшедегі жұмыстар жыл соңына дейін қорытындыланады.

Маңызды нысандардың бірі — «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы оңтүстік магистралды канал арқылы өтетін жана көпірдің құрылысы. Бұл жобаның бүгінгі дайындығы жақсы деңгейде, қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Дәл осы қыркүйек айында Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл»



автожолына дейінгі Сағымбаев көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстары аяқталады.

Бұл жаңа көпір мен жаңартылған Сағымбаев көшесі «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық дәлізі мен Астана қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен әрі заманауи қақпаға айналады.

Бұдан бөлек Назарбаев даңғылы мен бірқатар негізгі көшелерде қайта жаңғырту жұмыстары қарқынды атқарылуда. Олар Тасбөгет кентіндегі Иманов, Бозгүл-1, Наурыз, Ш. Есенов көшелері.

Осы көшелер плотинаға дейін кеңейтіліп, жол қозғалысына түсетін жүктеме азаяды.

Әрине қала орталығына ғана емес, шет аймақтарға да ерекше басымдық беріледі. Қазіргі таңда кенттер мен ауылдық округтердің 32 көшесінде жол жөндеу жұмыстары қызу жүруде.

Ең ірі жоба - Жанкожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы. Жоба аясында екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жаяу жүргіншілер жолы және жол жабыны салынады.

Бүгінде айналма теміржол желілері төселіп, электр, байланыс, сыртқы жарықтандыру және ауыз су инженерлік желілерін көшіру жұмыстары аяқталған.

Қала жағындағы және Шанхай тұрғын ауданындағы тіреу қабырғалары бетондалып, шпунттық свайларды орнату, көпір тіректерінің іргетасы мен негізгі темірбетондар қойылды.

Жоспардағы тағы бір ілімді іс, ол - Сол жағалау мен қаланы байланыстыратын автожол көпірі.

Иса Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтетін автожол өткелінің құны 19,5 млрд. теңгені құрайды. Нысан құрылысын бастау үшін республикалық бюджетке өтінім берілді.

Сондай-ақ қолайлы орта қалыптастыру мен бұқаралық спортты дамыту мақсатында қаламызда көпқабатты тұрғын үйлердің ауаларын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бұл жоба аясында балалар ойын алаңдары, шағын футбол алаңдары мен воркаут аймақтары салынууда.

Қазіргі таңда қала бойынша 26 көпқабатты тұрғын үйдің ауласында құрылыс жұмыстары басталды.

Қызылорда - еліміз бойынша ең таза қалалардың қатарына енді. Бұл темірдей талап пен тынымсыз еңбектің нәтижесі.

Осыдан он жыл бұрын «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаладағы 240-қа жуық көшенің тазалығын реттеп, күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізсе, қазір жұмыстардың ауқымы еселеп артты.

Өйткені шаһар аумағы кеңейіп, жаңадан мөлтек аудандар пайда болды. Сәйкесінше көшелердің саны көбейді.

Бүгінде тазалық мекемесі күнделікті қаладағы 826 көшеде санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізеді.

Жұмысшылардың жалақылары көтеріліп, оларға әлеуметтік тұрғыда көмектер беріліп тұрады. Дегенмен, кейбір тұрғындар әлеуметтік желілер арқылы тазалық тәртібіне, мекемеге қатысты негізсіз сыни пикірлерін айтып жатады.

Абаттандыру бағыты бойынша байыпты бастамалар сәтті жүзеге асуда.

Биыл аймақ басшысының тікелей қолдауымен қаланы және елді мекендерді абаттандыруға 11 млрд. 648 млн. теңге бөлінді. Оның басым бөлігіне Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды.

Бұл демалыс аймағында мыңдаған ағаш көшеттері, бұталар мен көпжылдық гүлдер егіліп, заманауи спринклерлік және тамшылатып суару жүйелері орнатылды.

Саябаққа келушілердің қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін автожол және автотұрақ құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда жұмыстардың 90 пайызы аяқталып, жақын күндері пайдалануға беру жоспарлануда.

Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстарына да тиісті қаражат қаралды. Бөгет жиегінде екі жолақты жаяу жүргінші және велосипед жолы салынууда.

Аталған жоспар арқылы өзен жағалауын су тасқынынан қорғап қана қоймай, тұрғындар үшін тағы бір тамаша демалыс аймағын қалыптастыады.

Осындай игі істің жалғасы ретінде, дария үстінен Астана мөлтек ауданы мен Президент саябағын жалғайтын жаяу жүргіншілер көпірі салынады. Кеше ғана осы жоба мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Енді нақты жұмыстар басталатын болады.

5-бетте

Үкімет басшысы О.Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында “Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту” Ұлттық жобасының жүзеге асырылу барысы қаралды. Әрине жиынның күн тәртібіндегі мәселе өте өзекті. Бір күн, бір сағат емес бір минутқа үйдегі краннан су ақпай, газ жанбай, жарық өшіп қалса, бәрі адырам қалып, тұрғындар түгел шулайды. Өйткені қуатсыз, сусыз, газсыз өмір жоқ. Қай қалада, қай ауылда болмасын. Алайда, көп қалалардың, көп елді мекендердің жылдар бойы жөндеу көрмеген, жаңармаған жылу, жарық, су желілері іске жарамсыз болып, тұрғындарға қолайсыздық тудырып, биліктің бас ауруына айналууда. Осы ретте осы Ұлттық жобаның орны ерекше.

Мәселен, осы жоба бойынша Үкімет 2029-шы жылға дейін көріз тазарту құрылыстарын салу мен реконструкциялау бойынша 49 жобаны жүзеге асырмақшы. Сондай-ақ осы мерзімге дейін 77,5 мың шақырым электр және 1,6 мың шақырым жылу желілері жаңғыртылады. Соның өзінде электрмен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 65%-дан 45%-ға дейін, жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 50%-дан 42%-ға дейін төмендейді екен.

Облыстардың әкімдіктеріне екі апта ішінде осы жылы жүзеге асырылатын жобалар бойынша тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Әкімдер Өнеркәсіп және құрылыс, Энергетика, Ұлттық экономика министрліктерімен бірге жыл соңына дейін барлық жоспарланған жөндеу жұмыстарының аяқталуын қамтамасыз ету қажет. Олжас Бектенов бұл үшін облыс әкімдері тікелей жауапты болатынын атап өтті. Барлық өңір әкімдіктері биылғы 1 қыркүйекке дейін 2027 жылға жоспарланған жобалар бойынша Ұлттық жобаның электрондық платформасына тиісті өтінім жіберіп, оларды мүдделі тараптармен келісуді қамтамасыз етіп, барлық конкурстық рәсімдер биылғы 1 желтоқсанға дейін аяқталуы тиіс.

ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев секелорлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің мәжілісінде осы және қосымша мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Аймақ басшысы «Қызылорда электр тарату тораптары», «Қызылорда су жүйесі» және «Қызылорда жылу электр орталығы» мекемелеріне электр, жылу, ауызсу және көріз желілерін жаңғырту жұмыстарын ұлттық жоба аясында сапалы әрі уақытылы ұйымдастыруды тапсырды.

Сонымен қатар табиғи монополияларды реттеу департаментіне жобаларды коммуналдық кәсіпорындардың тарифтік сметасына енгізуді жеделдетуді міндеттеді.

Тұтынушыларды коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету - негізгі басымдықтардың бірі. Сондықтан жауапты мекемелер жұмысты үйлесімді әрі тиімді ұйымдастыруы керек.

Биыл электр энергиясымен, жылумен қамтудың, ауызсу және су бұру желілерін жаңғыртудың 20 жобасы несие қаражатын тартпай, бюджет есебінен жүзеге асырылуда, 12 млрд. теңгеге 5 жоба жоспарланған.

Өңірде коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандары жоспар бойынша жаңғыртылуда.

Бүгінде электр желілері мен қондырғыларының 60 пайызы, жылу желілерінің 40, сумен жабдықтау желілерінің 15,8, ал су бұру желілерінің 16,9 пайызы тозған.

Әрине қазір көп нәрсенің жақсаруын цифрлық технологияға әкеліп тірейміз. Осы жиында сөз алған Бектеновтың орынбасары Қ.Бозымбаевтың айтуынша «Тұтынушыларды есептеу құралдарымен толық жабдықтамай цифрландыруды жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған байланысты энергетика, өнеркәсіп және құрылыс министрліктері әкімдіктермен бірлесіп, қысқа мерзімде әрбір өңір бойынша есепке алу құралдарын орнату қажеттігін айқындап, Ұлттық экономика министрлігімен бірге аталған жобаларды жүзеге асыру бойынша 2029 жылға дейінгі нақты іс-шаралар жоспарын бекітуді қажет. Сонымен қатар коммуналдық төлемдер өтеу бойынша тұрғын үй көмегін тағайындау рәсімдерін жеңілдету және автоматтандыру жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсатта Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, сондай-ақ әкімдіктермен бірлесіп, қысқа мерзімде бірыңғай есеп айырысу орталықтарының мемлекеттік ақпараттық жүйелермен тиісті интеграциясын қамтамасыз етуі қажет».

Атап өтетін жағдай, еліміз бойынша инфрақұрылымның тозу деңгейінің ең күрделі жағдайы су бұзу саласында сақталып отыр екен.

Жалпы коммуналдық желілердің тозу жағдайы туралы баяндаған Ұлттық экономика вице – министрі Асан Дарбаевтың мәлімдеуінше Қызылорда облысының өзіндік ерекшелігі жобаларды жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырып жатқаны...

“САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН АҚҚОЛҚА”

Жуырда жазушы- журналист Серік Бертаевтың “Сағымға айналған ауыл” атты кітабы Қызылордадағы “Жиенай” баспаханасына тапсырылды. Төрт бөлімнен тұратын бұл еңбекте келешегі жоқ ауылдар қатарына ілініп тарап кеткен Аққолқа ауылының тарихы мен қалыптасу кезеңі, ауылдың өсіп өркедеуіне сүбелі үлес қосып мал шаруашылығын дамыту жолында аянбай тер төккен мамандар мен малшылардың, ауыл адамдарының өмірі мен қызметі баяндалады. Біз бүгін автордың “Аққолқам-ата қонысым” атты материалын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

АҚҚОЛҚАМ - АТА ҚОНЫСЫМ

Кешегі Кеңес дәуірінің елуінші, алпысыншы жылдары Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мал басын өсіріп, өнімін молайту үшін шалғайдағы шөлейт жерлерді, мал жайылымдарын игеру керек болды. Соған байланысты 1964 жылы СОКП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің “Шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы” қаулысымен Қызылорда облысында 6 шаруашылық: Жаңадария, Аққыр, Іңкөрдария, Қуандария, Жаңақала және Қазалы ауданында Қызылқұм қой кеншары құрылды.

Солардың бірі Жаңадарияның оңтүстік жағында орналасқан 1964 жылы қазығы қағылған Жаңадария кеңшарына Жүсіп Бисариев алғашқы директор болып тағайындалып, шаруашылықтың құрылып қалыптасу кезеңінде қызмет етсе, одан кейінгі әр жылдары Асанбек Оспанов, Біржан Көштаев, Нәжімадин Ысқақов, Сақи Тұрсынбаев, Балғабай Имашев, Шағанбек Төлегенов, Манарбек Еспановтар директор болып басшылық жасады.

Өрине өз алдына енші алып, ел болу оңай шаруа емес. Шалғайда орналасқан жас кеңшар іс жүргізіп, қашан қалыптасып кеткенше қыруар тірілік атқару керек болды. Басшылық жасаған азаматтар мен білікті мамандар, “бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып”, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын ұйымшылдықпен атқара білді. Алпысыншы - жетпісінші жылдары Қызылқұм қойнауынан скважиналар қазып, мал жайылымын игеру, күрші өсіретін кеңшарлардың малын қабылдап алу, мамандар мен мал бағатын шопандарды тарту, Жаңадария бойын қыстайтын қыстаулары мен қораларын, кеңшар орталығында тұрғын үйлер мен өлеуметтік нысандар салу жұмыстары жүргізіліп жатты.

1967-1968 жылдары Жамбыл атындағы ұжымшар, Қазақстанның 20 жылдығы, Аққұм, Еңбек Ақарық ұжымшарының қой, жылқы, түйе малы Жаңадария кеңшарына берілді. Атап айтар болсақ, Ақарықтан келген қой бірінші фермаға (ферма меңгерушісі Дауылбай Сыздықов), Еңбек, Қазақстанның 20 жылдығы ұжымшарынан келген қой екінші фермаға (ферма меңгерушісі Сәден Ағытаев), Жамбыл атындағы ұжымшардан келген мал үшінші фермаға (ферма меңгерушісі Омық Бұйраев), ірі қара малдары төртінші фермаға ұйымдасып, бұл ферманы Байжігіт Әбдіқалиев басқарды.

Үшінші ферма орталығы Аққолқа ауылы кезінде суы сарқырап тасып, аққан жері шұрайлы малға жайлы Жаңадарияның жағасына орналасқан. Сол Жаңадария Сырдарияның үлкен бір арнасы, яғни сағасы қазіргі Тасбөгеттің жоғарғы жағынан алып, Қызылқұмның солтүстік етегімен Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының жанымен өтіп, Арал теңізінің шығысына барып құяды. Бұл дарияның бойында көптеген елді мекендер қоныстанып мал ұстап, егін егіп, балық аулап күн

көрген. Жаңадарияның екі жағы да тарихи ескерткіштерге бай. Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының тұсында арна бойында “Шірікрабат”, “Кекірелі”, “Үбіс”, “Бекей”, “Молдамұрат”, “Талқанбай”, “Қараш”, “Құмқала”, “Қатынкеткен”, “Сәтбай”, “Шәуек”, “Балапан төбе”, “Әлменбет”, “Қышбөгет”, “Сары ишан”, “Үсен шүңгілі”, “Көкпая”, “Саңқай”, “Бесжан” т.б. тарихи жерлерде халық мекендеген. Жаңадария бойын қыстаса, жазда малдың жағдайымен Қарақұмға көшкен. Айта кетейік, Қармақшы ауданы аумағындағы “Қуандария”, “Аққыр” ауылы аумағындағы “Майлыөзек” каналдары Жаңадария арнасынан бастау алады. Өрине жоғарыда аталған тарихи орындар туралы деректер бар.

1968 жылы қазығы қағылып, құрылған үшінші ферманың (ферма меңгерушісі Омық Бұйраев) қалыптасып кетуі үшін қыруар жұмыс күтіп тұр еді. Ең алдымен сол кездегі Жамбыл атындағы колхоздан әкелінетін қой мен ірі қара малын қабылдап алып, оны бағатын малшылар тарту, ферма орталығына көшіп келген мамандарға арнап тұрғын үй салып тұрақтандыру, малшылардың үйлері мен мал қораларын салу жұмыстары қолға алынды, әрі сол жұмыстар жүйелі атқарылып жатты. Ұжымшардан әкелінген мал тиісті адамдарға бекітіліп беріліп, шопандар құрамы жасақталды.

Алғашқы жылдары қыс айларында шопандар Жаңадария бойында вагондарда, енді бірі киіз үйлерде қыстап шыққан кездері болды. Жетпісінші жылдардан кейін кеңшарда жергілікті тұрғындар мен өзге ұлт өкілдерінен құрылған құрылыс бригадасы жұмыс жасады. Сөйтіп Сейфулмәлік Әбдіаев басқаратын бригада мүшелері ферманың шопандарына арнап екі-үш бөлмелі үй салып, төбелерін цифрлап берді. Сонымен қатар мал қораларын салу жұмыстары да қоса атқарылды.

Фермаға көшіп келіп жұмыс істеп жатқан мамандар мен малшылардың дені Жамбыл атындағы ұжымшардың тұрғындары болатын.

Шопандар қыс айларында Жаңадария бойын жағалай қыстап шықса, жазғы жайлаулары Қызылқұм қойнауы болды. Көктемгі қой төлдету, күзгі күйек алу жұмыстары Қызылқұмда ұйымдастырылды. Тіпті жетпісінші жылдардан кейін шопандар қызылдың түстігіне қарай еніп, Өзбекстанмен шекаралас “Біршелердің”, “Бейсенбай”, “Киізбай”, “Бір құлаш” т.б. жерлерді қыстап шықты. Себебі ол өңір жері тың, шырпы сексеуілімен бірге жусан, селеуі, ранцы мол жайылым болатын. Қыс бойы қойын жайып семірткен шопандар көктемде төменге қарай, қызылдың шетіне көшіп келіп қоныстанатын.

“Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көп көсір” деген даналық сөз бар. Шынымен де қойдың еті мен сүті - табиғи тағам, ал теріс мен қаракөл елтірісінен киім, басқа да тұрмыстық бұйымдар өндіріп шығаруға болады. Сондықтан кеңшардың шопандарына қоғамдық мал басын аман сақтап, қой санын өз тәлі есебінен көбейту міндеті қойылды. Өрқайсысы міндет алып, аманат арқалаған үшінші ферманың шопандары да қыс қаңтарынан қаймықпай қажырлықпен еңбек етті. Мал жайылымын тиімді пайдалану, күзгі күйек алу, көктемгі қой төлдету науқандарын ұйымшылдықпен өткізді. Сөйтіп тәжірибелі шопандар Қозыбағар Қабатов, Ахмет Құлтасов, Тәжтай Көшекбаев, Нәрібай Бекназаров, Айтпай Сартов, Артелбек Бодықов, Бертай Кәрібаев, Аяған Әлдеев, Биебай Тұңғатов, Кеңес Әбетов, Кеңшілік Сембеков т.б. шопандар қарамағындағы қойдың әр жүз аналығынан 110-120 төл алып, табыс тұғырынан көрінді. Мал басын молайту жолындағы жемісті еңбектері ескеріліп, екінші тың ерлері Қозыбағар Қабатов, Тәжтай Көшекбаев “Еңбек Қызыл ту”, Айтбай Сартов пен

Нәрібай Бекназаров “Еңбек Даңқы” ордендерімен марапатталды. Шопан А.Сартовпен көмекші шопан Дәмегүл Әбетова ауылдық, аудандық кеңеске депутат болып сайланды.

Жыл өткен сайын фермада мал саны артып, қой саны 25 мыңға дейін жетті. Үшінші ферма мал өнімін өндіру жөніндегі барлық көрсеткіштер бойынша көш бастап, бірнеше рет кеңшардың ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Ферма орталығы Аққолқада 40-45 отбасында 200-ден астам адам есепте тұрды. Жүзге жуық адам мал шаруашылығында, білім, мәдениет, механизация саласында еңбек етті.

1968 жылы ферма орталығында төрт жылдық мектеп ашылды. Жетпісінші жылдары мектеп-интернат салынып, онда малшылардың жатып оқуларына жағдай жасалды. “Қышбөгет” сегіз жылдық мектебінде оқып бітірген түлектер әр салада еңбек етіп, егемен еліміздің өсіп өркендеуіне үлестерін қосып, бүгінде бірқатары зейнеткерлікке шықты.

Аққолқа ауылының қазығы қағылып құрылған кезден бастап құрылыс жұмыстары қарқын алды. 1968 жылы молдавандар келіп, қолдан соқпа кесек құйып, ферма орталығында бөрене үйлер салды. Сол жылы малшылардың балалары төрт сыныптың оқушылары тұрғын үйдің бір бөлмесінде оқып білім алды. 1969 жылы төрт жылдық мектеп салынып, оқушыларға есігін айқара ашты. Ал 70-80 жылдары құрылыс бригадасының күшімен Жаңадария бойында орналасқан “Қосарықбаян”, “Сары ишан”, “Шәуек”, “Талқанбай”, “Қатынкеткен”, “Құмқала”, “Қараш”, “Қышбөгетте” шопандардың үйлері мен мал қоралары салынды.

Ферма орталығында бөренелер орнатылып, желілер тартылып, мотор арқылы тұрғындарға он шақты жыл жарық берілді. Моторист Төлепберген Байнаев болатын. Жетпісінші жылдардың соңында бір игілікті іс Жаңадария кеңшары орталығынан Аққолқаға 52, одан әрі Қызылқұмға “Мортықа” дейін 53, барлығы 105 шақырым жоғары кернеулі электр желілері тартылып, жарық жеткізілді. Соның арқасында қой қыркым, қаракөл сою пункттерінің жұмыстары бір жерге орталықтандырылып, жүйеге келтірілді. Сондай-ақ каналдар қазылып, көкөніс-бақша егу, мал жайылымдарын суару қат-қабат атқарылып жатты. Аққолқаның шығыс жақ жиегінен “Бодық” каналы қазылып, көкөніс, жоңышқа егіліп, халық игілігін көрді.

Жетпіс-сексенінші жылдары ферма орталығында мектеп, интернат, мекдупит, клуб, 20 шақты тұрғын үйлер жаңадан салынды. Бұл жұмыстарға әр жылдары құрылыс мастерлері Бақберген Кәрібаев, Шаңғара Тұрманов, Алтынбек Бодышевтер басшылық жасады.

Жүздеген шақырым Қызылқұмға жаз, күз айларында шопандардың үйлерін көшіріп, қыста Жаңадария бойындағы мал қыстауларына отын, жем-шөп тасып жүрген жүргізуші-механизаторларға үлкен жауапкершілік жүктелді.

Сонымен қатар мал шаруашылығының мамандарымен бірге сауда, байланыс, мәдениет, білім, денсаулық саласының қызметкерлері халыққа қалтқысыз қызмет етті. Мәселен, кино-механиктер Тиышбек Қираев, Әлмахан Жақсылыков, кітапханашы Боранкул Сейдахметова, газет таратушы Алтын Бертаева газет-журнал, кітаптарды халыққа дер кезінде жеткізіп, кинофильмдер көрсетсе, сатушылар Қойшығара Елікбаев, Әбдіразақ Бекмұратов, фельдшерлер Мәдениет Құдайбергенов, Айдан Сайлыбаеваалар тұрғындарға сауда, медициналық қызмет көрсетіп құрметке бөленді. Шағын ауылдан “Еңбек Ерлері” шықпаса да, ел сенім артқан халық қалаулылары аудандық, облыстық кеңесінің депутаттары, кеуделеріне медаль, орден таққан мамандар мен малшылар баршылық болды.

“Қарты бар елдің қазынасы бар” дейді



халқымыз. Ауылда ел бірлігін ту еткен көзі ашық, көкірегі шежіре қазыналы қарияларымыз көп еді. Солардың қатарында Бекжан, Малбасқан, Бодық, Саттарқұл, Ідіріс, Сейсен Байкенже, Оңдабай, Шаңғара, Бертай, Ғазиз секілді абыз ақсақалдарымыз бен қыз-келіншектер мен келіндерін қолөнерге, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеген Бағдағұл, Дәметкен, Батира, Күріш, Қараш, Қоңыр, Маржанкүл секілді асыл әжелеріміздің орны бөлек, шоқтығы биік еді-ау. Ауыл тұрғындары қайғы-қуанышын бірге бөлісіп, бір соғымды бөліп жеп, бір үйдің баласындай, туған бауырындай сыйласатын. Отбасының шаруасы мен бала тәрбиесін қатар атқарып, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген Бәтеш, Римә, Жаңыл Қоңыр, Айнатай сынды Батыр аналарымыздың еңбектерін өнеге етіп, есімдерін құрметпен атауымыз керек.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері Шаңғара Тұрманов, Сейсен Бөрібасов, Қалдыбек Ақсейітов, Бертай Кәрібаев, Әбдібек Қоқашевтар ел басына күн туғанда майдан даласына аттанып Отан қорғаса, тыл ардагерлері ұжымшарда жұмыс істеп, майданға азық-түлік, киім-кешек жөнелтіп, жеңісті жақындатуға ат салысты.

Ауыл - алтын бесік, таланттар мекені. Аққолқадан түлеп ұшқан еңбек және өнер адамдары көп. Мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын үшінші ферманың меңгерушісі болып басшылық жасаған Омық Бұйраев, Жалғасбай Сағымбаев, Барлыбай Табанов, Бегей Еспанов, Көптілеу Тоқсанов, Қартаңбек Қаңлыбаев, Әбдіразақ Бекмұратов, Біржан Көштаевтар мен малшылардың балаларын оқытып ұрпақ тәрбиелеген Назмадин Құрасбаев, Өтепберген Әбиев, Дауылбай Тышқанбаев, Серікбай Жаңашев, Рсалды Нұрмағанбетова, Таскұл Сәрсенбаева, Шермағанбет Нұрмаханов, Талғат Қанбаев тағы да басқа ұлағатты ұстаздардың еңбегін ел жақсы біледі.

Сондай-ақ журналистика сала-сында ұзақ жыл қызмет еткен қарымды қаламгерлер Бейбітбек Бүркітбаев, Серік Бертаев, белгілі айтыскер ақын Айдос Рахметов, ырауа Думан Ахметов, ақын Ақсері Құдайбергенов, Олжас Сәндібеков, Рамазан Қосназаровтар осы ауылдың киелі топырағынан шыққан төл перзенттері.

Сондай-ақ республикамыздың түкпір-түкпірінде, тіпті шет елдерде де әр салада жауапты қызмет атқарып жүрген аққолқақы азаматтар қаншама...

1990 жылы алып держава Кеңес Одағының керегесі шайқалып, шаңырағы ортасына түсті. Осы кезде барлық жерде “Нарық заманы” келіп, оған халық үйрене алмай дағдарысқа тап болды. Қазына қоржынында қаржы болмағандықтан шаруашылықтар мен кейбір мекеме-кәсіпорындар жұмысын тоқтатып, жабылып қалды. Қоғамдық төрт түлік мал мен ауылшаруашылық техникалары жекешелендіріліп, жұмысшылардың пай үлестеріне таратылып берілді. Жұмыссыз қалған жастар қалаға үдере көшуге мәжбүр болды. “Барайын десем, жер шалғай, бармайын десем ел қандай” деген осы. Берекелі ауылдың берекесі қашып, сәні кетті.

Еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдардан кейінгі нарық қыспағы “Жаңадарияны” айналып өткен жоқ. Уақыт талабына орай арендалық тәсілмен жұмыс жасай бастады. Шаруашылық жүргізудің бұл тәсілі өзін-өзі ақтамады. Содан 1992 жылы арендалық кәсіпорындар жабылып, қайтадан шаруашылық есепте жұмыс жасайтын Жаңадария кеңшары болып құрылды.

Алайда, 1993-1994 жылдың қысы қатты болып, малдың жаппай қырылуына әкеп соқты. Сөйтіп 1993 жылы есепте тұрған 38 мың қойдан 1994 жылы 4500, 4000 жылқыдан 700 бас, 250 түйеден 100 бас, 150 мүйізді ірі қарадан 15 бас мал қалған. Шаруашылық түрлі кәсіпорындар мен мекемелерден жанар-жағар май, азық түлік, қосалқы бөлшектер т.б. заттар алып бюджет төлемдерін төлей алмай қарызға белшесінен батты. Сөйтіп уақыт өткен сайын халықтың тұрмыс тіршілігі нашарлап, жұмыссыз жастар қалаға көше бастады.

1994 жылдың ақпан айынан шаруашылық жекешелендіріліп, Жаңадария өндірістік кооперативі, 1995 жылдың қаңтар айынан әрбір шаруашылық мүшелерінің жеке үлестері анықталып, Жаңадария жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылып-жұмыс істеді. 1996 жылдың желтоқсан айында Жаңадария ЖШС -ін тарату жөнінде шешім қабылданып, 1997 жылы наурыз айында шаруашылықтағы барлық қозғалатын және қозғалмайтын, жер, мал т.б. мүліктер шаруа қожалықтардың үлесіне берілді.

Олар “Ильяс Мақсұм” (төрағасы М.Еспанов), “Тасшоқы” (төрағасы А.Өтеналиев), “Атжайған”, төрағасы Т.Айтпанов), “Жаңадария”, (төрағасы С.Тұрсынбаев), “Игенбай”, төрағасы А.Тайғашов), “Бөгенбай”, (төрағасы З.Нұржанов) шаруа қожалықтары болатын. Осы кезде 3-ші ферма ізімен “Сәтбай” шаруашылығы құрылып, оның басқарушылығына Б.Көштаев сайланды. 1997 жылы маусымда Жаңадария ауыл округі таратылып, Аламесек ауыл округіне қосылды. Ал 2000 жылы Аламесек ауыл округінен бөлініп, Жаңадария ауыл округі жұмыс жасап келеді.

Еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдардан кейін уақыт талабына орай “Жаңадария” кіші кәсіпорындар бірлестігі, Жаңадария кеңшары, Жаңадария өндірістік кооперативі болып, бірнеше рет өзгеріп жұмысын жүргізді. Сол кездері, яғни 1993 жылы үшінші ферма орталығы да “Сәтбай қожалығы” болып енші алып, Жаңадариядан бөлініп шықты. Ауызбіршілігі мол ауыл халқы нарық заңына бейімделіп мал бағып, көкөніс, бақша егіп, шаруасы алға басқан кез еді. Бірақ өкінішке орай, келешегі жоқ ауылдардың тізіміне ілінген соң Аққолқа ауылының халқы ыдырап, мемлекеттік бағдарлама бойынша Қызылорда қаласы мен Жалағаш ауданы орталығына көшірілді. Бірақ қанша уақыт өтсе де олар туып-өскен ауылын естерінен шығарған емес. Ағайындардың ас-тойларында бір-бірімен қуана қауышып, туған ауылын сағынышпен еске алады.

Серік Бертаев, ардагер журналист

2026 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНЫНДА «ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін тегіаты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Есенов Жайдарбай Мырзабайұлы	«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы	Сәрсенбі күні сағат 16.00 ден 17.00-ге дейін	Апта сайын

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУ- МІНДЕТІМІЗ

Жемқорлықпен қоғам болып күресу- заң бұзушылыққа бармаудың бірден – бір тетігі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 23- бабында жұртшылықтың (жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылға қатысу жөнінде кеңінен айтылған. Мысалы заң бойынша жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізе алады. Бұл - нағыз өркениетті мемлекет қалыптастыру.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бірден бір ұстанымыз-

сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидасын ұстану болса, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халық ақпараттану үшін баспасөзде кеңінен ақпараттық материалдар жариялау қоғамдық жариялық деп түсінеміз.

«Ақтоған ауылдық округі өкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде заң талаптарын сақтау, бұзбау, алдын-алу бағытында тоқсан сайын заңдық түсіндірме сағаты жүргізіледі. Есептегі уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі тіркелмеген.

Е.С. АХМЕТОВ

"Ақтоған" ауылдық округі өкімі

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкұл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

“АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІНІҢ” СПОРТ КЕШЕНІ

Қазалы ауданының Қожабақы ауылында жаңадан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов пен ел ағалары қатысты. Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, елді мекендерде кәсіби және бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен 2022 жылдан бері өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның 27-сі - спорт кешені, бүгінде ел игілігіне айналды. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы, «Теннис орталығы», Инклюзивті спорт кешені пайдалануға берілді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері ашылды.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 80 спорт-ойын алаңы салынды.

- «Баршаңызды спорт кешенінің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпыұлттық дамуды

елестету мүмкін емес» деген болатын.

Бүгін Өздеріңізбен бірге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қожабақы ауылында салынған жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашуға жиналды. Бір күнде 100 адамды қабылдауға қауқарлы заманауи кешенде бокс, грек-рим күресі, волейбол, футбол және баскетбол сынды спорт түрлерімен айналысуға болады. Бұл ауыл жастарының бұқаралық спортпен тұрақты шұғылдануына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін.

Алдағы уақытта да халқымыздың игілігіне, тұрғындарымыздың жайлы тұрмыс-тіршілігіне, жастарымыздың жарқын болашағына бағытталған жаңа жобаларымыз жалғаса береді», - деді облыс әкімі.

Шарада еңбек ардагері Тілек Махамаш сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар және спорт кешенін сапалы етіп салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

*** Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағаларымен бірге Ақтан батыр, Жанқожа батыр,

Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті.



Кездесуге жиналған жұртшылық ұсыныс-пікірлерін айтып, әлеуметтік, инфрақұрылымдық жобалар туралы сауалдарын қойды.

Кездесуден кейін аймақ басшысы Өйтеке би кентінде бой көтерген жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

- «Бүгінде өңірімізде Мемлекет басшысының қолдауымен ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру,

тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, кәсіби және бұқаралық спортты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар

жаттыға алады.

Жаңа спорт кешені дені сау ұлтты қалыптастыруға қызмет етіп, осында жаттығушылар арасынан әлемдік ареналарда Тәуелсіз Қазақстанның көк Туын көкте желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», - деді аймақ басшысы.

Облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің, «Қайсар» футбол клубы академиясының құрылысы қарқын алды.

Шарада спорт шебері, бокстан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Зарина Толыбай, еңбек ардагері Өлімбай Қасқырбай сөз сөйлеп, ел ағасы Самұрат Имандосов бата берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар, спорт кешенін салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жыл басында Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылында да дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған болатын. Жалпы ауданда спортпен шұғылданушылар саны 35 мыңнан асты.

Спортшылар халықаралық турнирлерден 3 алтын, 7 күміс, 6 қола медаль, Қазақстан чемпионаттарынан 14 алтын, 19 күміс, 27 қола жүлде иеленді.

ЕГІННІҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте егін шаруашылығының қазіргі жағдайы талқыланды.

Быыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілгені белгілі. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,2 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 16,8 мың гектар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқарды, бүгінде 70 мың гектар күріш суға толық бастырылған.

Жалпы 7 541 гектар мақсары, 415 гектар жаздық арпа, 4 338 гектар жаздық бидай, 21 394 гектар жаңа жоңышқа, 428 гектар қант құмайы, 873 гектар судан шөбі, 409 гектар сүрлемдік жүгері, 373 гектар соя, 30 гектар күнбағыс, 120 гектар жемдік асқабақ, 326 гектар тары, 1 366 гектар картоп, 6 743 гектар көкөніс, 8 735 гектар бақша егілді.

Күріштің 53,4 мың гектары үстеп қоректендіріліп, 61,2 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді.

Осыған сәйкес, 16,7 мың гектары (23,9%) түтікке шығу, 44,8 мың гектары (64%) масақтану, ал 8,5 мың гектары (12,1%) гүлдену кезеңіне өтті.

Күздік бидай, сұлы толық жиналып бітті. Шаруашылықтар күтімге алған 49 мың гектар ескі жоңышқаның 2380 гектарын тұқымға қалдырып, 46,6 мың гектардан екі орымнан жалпы 142,7 мың тонна жоңышқа дайындады. Мал азығын дайындау жұмыстары жалғасуда.

Шілденің 23-індегі мәліметке қарағанда, Шардара су қоймасына жоғарыдан секундтың 113,4 текше метр су түсуде. Қоймадағы су көлемі 3,3 млрд. текше метр. Сырдария өзенінің төменгі ағысына 550 текше метрі жіберілуде.

Кексарай су реттегішінде жинақталған су көлемі 23 млн. текше метр, былтырғыдан 2,76 млн. текше метр арттық.

Быыл гидротехникалық құрылыстарға, ішкі шаруашылық каналдарына жөндеу жүргізілді.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма берді.

МҮБӘРАКОВ ТУРНИРИ

Елге белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Мүбәраков Қамбарбек Амангелдіұлын еске алуға арналған мемлекеттік қызметшілер арасында футболдан облыстық турнирдің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Руслан Рүстемов, зиялы қауым өкілдері және отбасы мен ағайын-туыстары қатысты.

Әкімі, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы болған уақытта ел мүддесін негізге ала отырып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, байыпты бастамалар мен тың жобаларды жүзеге асыруға ерекше үлес қосты.

Әріптесіміз қай қызметте де биік парасатымен абыройға көтеріліп, азаматтық ұстанымымен, іскерлік қасиетімен, мол тәжірибесімен көпке үлгі болды.

Бүгінгі спорт сайысы асыл азаматтың



Рәсімде аймақ басшысы Қамбарбек Амангелдіұлының қажырлы еңбегі мен адал қызметін еске алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

- «Баршаңызды бүгінгі турнирдің ашылуымен құттықтаймын! Жарыстың ашылу салтанатына орай Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нәлібаев Нұрлыбек Машбеқұлы арнайы құттықтауын жолдады.

Қамбарбек Амангелдіұлы саналы ғұмырын Сыр өңірінің есіп-өркендеуіне арнап, мемлекеттік қызметте адал еңбектің жарқын үлгісін танытты. Қызмет жолында Шиелі ауданының

есімін ел жадында мәңгі сақтап, жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырамыз. Осындай спорттық шараларда шыңдалған жастарымыз байрақты бәсекелерде ел мерейін үстем етіп, көк Туымызды биікте желбірете берсін!», - деді аймақ басшысы.

Шарада үзегілес досы, әріптесі Руслан Рүстемұлы, Қамбарбек Амангелдіұлының ағасы Бақытжан Амангелдіұлы сөз сөйледі.

Турнирге облыстағы барлық мемлекеттік мекемелерден 27 команда қатысты.

“АҚЖАРМА” ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және зиялы қауым өкілдерімен бірге Ақжарма ауылына газ қосу рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада аймақ басшысы ауыл тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

- «Мемлекет басшысы ауылдарға инфрақұрылым жеткізуге ерекше көңіл бөледі.

Бүгін Сіздер көптен күткен, ауыл халқының тұрмыс-тіршілігіне жаңа тыныс беретін табиғи газ қосуға жиналды. Бұл жобаға бюджеттен 1,8 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Өткен жылы Нағи Ілиясов, Шаған ауылдарына газ қосылып, ел игілігін көруде. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады. Егемен еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», - деді аймақ басшысы.

Шарада тыл ардагері Өмірбек Сағындықов сөз сөйледі. Аймағымыздың

Жақын күндері Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі, Қоғалыкөл және Бесарық ауылдарын газға қосылады.



әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және газ тарту жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы газ қосылған ауыл тұрғындарының үйлеріне барып, естелік сыйлық табыстады.

Өңірде 2022 жылдан бері 65 млрд. теңгеден астам қаржыға 77 газдандыру жобасы жүзеге асты.

Нәтижесінде облыс халқын газдан-

дыру деңгейі 83 пайыз болды. Быыл жыл соңына дейін 10 елді мекенге көгілдір отын қосылып, қамту деңгейі 85 пайызға жеткізіледі.

Сапар барысында аймақ басшысы Ақжарма, Шаған, Інкәрдария, Нағи Ілиясов, Шіркейлі ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Онда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтылып, жиналған жұртшылық ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

ЕҢ ЖОҒАРЫ САНАТҚА ИЕ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласының сол жағалауында салынған 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы ресми түрде УЕФА-ның ең жоғары IV санатына ие болды.

Биылғы жылдың сәуір айында УЕФА-ның стадиондар инфрақұрылымы жөніндегі өкілі Скотт Струзерс Қызылорда

қаласына инспекциялық сапармен келген болатын.

Арнайы өкіл заманауи стадион құрылысымен толық танысып, УЕФА-ның стадиондар инфрақұрылымы жөніндегі регламентіне сәйкестігін тексерді. Нәтижесінде УЕФА стадионға ең жоғары IV санат берілді.

Алдағы уақытта «Kaysar Arena» стадионы халықаралық



деңгейдегі матчтарды, соның ішінде Қазақстан ұлттық құрамасының Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңіндегі және Ұлттар лигасындағы ойындарын, Еурокубок турнирлері – Чемпиондар лигасы, Еуропа лигасы және Конференция лигасының іріктеу әрі негізгі кезеңдерін қабылдауға толық дайын.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.Нәлібаев облыс әкімі болған тұста оның 26, 5 млрд. теңгеге салынған «Kaysar Arena» стадионы өткен жылы ел Кубогының финалдық ойынымен ашылған болатын. Соңғы үлгіде жабдықталған стадионда футбол алаңынан бөлек, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, бокс, күрес түрлеріне арналған залдар мен фитнес залы бар.

ҚЫСТА ЖЫЛУСЫЗ ӨНДІЖАН ХОКИМИЯТЫМЕН ҚАЛМАЙЫҚ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, аймақтағы алдағы жылу беру маусымына дайындық мәселелері қаралды. Оған қала, аудан әкімдері мен басқарма басшылары қатысты.

Жауапты маусымға әзірлік бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Оған 7,8 млрд. теңге қаржы жоспарланған.

Бұл қаржыға 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасы аяқталып, №1 және 2 газтурбиналық қондырғы, 1,3 шақырым жылу желісі, 1 қазандық, 1 турбина және 10 автономдық қазандық, негізгі және қосалқы қондырғылар жөнделеді.

Бүгінде жұмыстың 68 пайызы орындалған.

Мемлекет басшысының қолдауымен «Акса Энерджи» түрік компаниясы Қызылорда қаласында 240 МВт электр энергиясын және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жылу-электр орталығын салды.

Жоба бойынша қуатылығы 176 МВт 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт бу турбинысы, қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы мен 150 Гкал/сағ 4 жылу қазандығы орнатылған.

Бүгінде жылу орталығы толық іске қосылып, 240 мегаватт электр энергиясы өндірілуде. Қуаттылығы 150 МВт 4 су жылыту қазандығы жұмыс істеп тұр. Алдағы жылу беру маусымында Қызылорда қаласының тұрғындары жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

ӘНДІЖАН ХОКИМИЯТЫМЕН ЫНТИМАСТЫҚ

Биылғы жылдың шілдесінің 23–24-і күндері Ақтау қаласында Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, өнеркәсіптік кооперацияны дамыту және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Өңірлер басшылары кеңесінің I отырысы өтті.

Оған Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұриддин Аманқұл қатысты.

Кеңес отырысы аясында «Инвестициялар, сауда және көлік байланысы» тақырыбындағы пленарлық отырыс, Қазақстан–Өзбекстан бизнес-диалогы, сондай-ақ екі елдің мемлекеттік органдары мен бизнес қауымдастықтарының қатысуымен B2B кездесулер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Өзбекстан Республикасының Өндіжан облысы хокимияты мен Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы әкімдігі арасында 2026–2028 жылдарға арналған сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асырудың жол картасына қол қойылды.

Аталған жол картасы тараптар арасындағы өзара іс-қимылды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Құжат аясында инвестиция тарту, өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, ауыл шаруашылығы, сауда, білім, ғылым, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту бойынша нақты іс-шараларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру көзделген.

Қол қойылған құжат екі өңір арасындағы серіктестікті одан әрі нығайтып, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға, өзара тауар айналымын ұлғайтуға, тәжірибе алмасуға және халықтар арасындағы достық байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Аудан жаңалықтары

СЫРДАРΙΑ

МҰРАТБАЕВ КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Шаған ауылындағы Ғ.Мұратбаев көшесінің күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысып, аткарылып жатқан жұмыстарды бақылады.

Аталған жобаның жалпы құны 209,8 млн. теңгені құрайды. Жобаны мердігер мекеме – «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС, ал техникалық қадағалауды «Абылайхан АА» ЖШС жүзеге асыруда.

Жоба аясында ұзындығы 1,3 шақырым болатын көше мен тротуарға күрделі жөндеу жүргізілуде. Қазіргі таңда қиыршық тас төсеу және тротуарларға бордюр орнату жұмыстары толық аяқталған. Бүгінде көше мен тротуарға асфальт-бетон жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде аяқталуына ерекше назар аударып, жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар берді.

ШИЕЛІ

«АУЫЛ VIBE, RETRO NIGHT» БАЙҚАУЫ ...



Мұстафа Шоқай атындағы орталық алаңда ауыл жастарының шығармашылығын қолдау, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған «Ауыл Vibe, Retro Night» байқауы өз жалғасын тапты.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов

қатысып, қатысушылар мен көрермендерді құттықтады. Болатбек Ысмағұлов өз сөзінде мұндай жобалардың ауыл жастарының шығармашылық әлеуетін дамытуға, ұлттық өнерді насихаттауға және ауылдар арасындағы мәдени байланысты нығайтуға ықпал ететінін атап өтіп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқаудың басты мақсаты – тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, ауылдардың мәдени әлеуетін таныту, ретро әндерді жаңғыртып, оларды заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы жаңа форматта көпшілікке ұсыну. Сонымен қатар жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын дамыту жөніндегі бастамаларын қолдап, мәдениет пен өнер саласында заманауи технологияларды тиімді пайдаланудың маңызын айқындай түседі.

Байқау барысында Тартоғай және Еңбекші ауылдық округтерінің өнерпаздары сахна төрінде өз өнерлерін паш етіп, туған өлкенің тарихы мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлері мен шығармашылық әлеуетін көрермен назарына ұсынды. Кеш аясында ретро әндерден құралған концерттік бағдарлама, заманауи музыкалық қойылымдар мен шығармашылық нөмірлер көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ЖАҢАҚОРҒАН

ӘКІМ, ПРОКУРОР МЕН ТҰРҒЫНДАР...

Аудан әкімі Жарқынбек Ғалымжан, аудан прокуроры Бөкәтхан Бөлеулиев, аудандық мәслихат төрағасының міндетін уақытша атқарушы Жасұлан Аманбеков және аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсаतोппен бірге Байкенеж, Кейден, Жайылма ауылдары мен Шалқия кентінде болып, тұрғындармен кездесті.

Кездесулер барысында аудан басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға, Жаңа Конституцияның маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына және облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қолдауымен өңірде, ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз кезегінде аудан прокуроры Бакытхан Бөлеулиев «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың жауапкершілігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланып, әрбір сұраққа нақты жауап берілді. Заң аясында қосымша зерделеуді қажет ететін ұсыныстар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, нәтижесіне сәйкес қажетті шаралар қабылданатыны айтылды.

Аудан әкімі ауылдық округ әкімдеріне, мектеп, балабақша және мәдениет саласы

басшыларына халықпен тығыз байланыста болып, елді мекенде тұрақты тұрып, тұрғындардың талап-тілегіне жедел үн қатып, ел игілігі жолында жауапкершілікпен қызмет етуді тапсырды.

Кездесулерден кейін аудан басшысы әлеуметтік нысандарды аралап, олардың жаңа оқу жылы мен алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын пысықтады. Жауапты сала басшыларына білім беру ұйымдарының толық әзірлігін қамтамасыз ету, қысқы маусымға сапалы дайындалу, сондай-ақ ауылдардың санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстау жөнінде нақты міндеттер жүктелді.

“ ҚЫРАШҚА” БАРДЫ

Аудан әкімі Жарқынбек Ғалымжан жұмыс сапарымен Қыраш ауылдық округіне барып, Қаратау көшесіндегі автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Нысан басында жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдерінің есебін тыңдаған аудан әкімі құрылыс жұмыстарының сапасы мен қарқынына ерекше назар аударып, барлық жұмыстардың бекітілген жобаға және қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкес орындалуын тапсырды. Сонымен қатар жұмысты белгіленген мерзімде сапалы аяқтау жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Ұзындығы 2,4 шақырым болатын Қаратау көшесін күрделі жөндеуден өткізуді «Ақсар Строй» ЖШС жүзеге асыруда. Ал техникалық қадағалауды «Alash Orda Group» ЖШС жүргізуде. Жоба облыстық бюджет есебінен қаржыландырылуда.

ЖАЛАҒАШ

БАЛЫҚ АУЛАУДАН ЖАРЫСТЫ

Жалағаш ауданында ардагерлер арасында дәстүрлі балық аулау жарысы ұйымдастырылды. Жыл сайын өткізілетін тағылымды шара ардагерлердің белсенді өмір салтын насихаттап, олардың өзара ынтымағы мен бірлігін нығайтуға бағытталды.

Жарыстың ашылу салтанатында Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет қатысушыларға сәттілік тілеп, аудандық ардагерлер кеңесінің бастамасымен ардагерлер арасында шахмат, дойбы және басқа да спорт түрлерінен түрлі жарыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқанын атап өтті.

– Осындай игі шаралар аға буын өкілдерінің қоғам өміріндегі белсенділігін айқын көрсетеді. Өмір жолында адал еңбек етіп, ауданның өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардагерлеріміздің еңбегі әрдайым құрметке лайық, – деді бөлім басшысы.

Сайыс қорытындысымен Аққыр ауылынан Жүсіп Молдашораев І-ші орын, Мырзабай ахун ауылынан Орақбай Әбжанов ІІ-ші орын, Еңбек ауылынан Келген Сералы Күйрықбаев ІІІ-ші орын алды.

Сондай-ақ Жалағаш кентінен Жұмағали Игембаев “Ең ірі олжа”, Мақпалкөл ауылынан Айтбай Төребаев “Балық аулау шебері”, мәдениеттік Егізқара Ибраев “Үздік балықшы”, Бұқарбай батыр ауылынан Ерғара Сүлейменов “Ардагерлер мақтанышы”, ақсулық Серік Қайыров “Жеңіске деген жігері үшін” номинацияларын иеленді.



АРАЛ

КӨНЕ ЕСІМДЕР СЫРЫ

Арал ауданында Қазақстан ономаст ғалымдарының қоғамдық бірлестігі «Ономастар одағы» мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ономастика басқармасы бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Тарихи-диахрондық әдісті қолдану арқылы ономастикалық атауларды жүйелендіру қызметі» жобасы аясындағы «Сыр даласында – көне есімдердің сыры» атты тарихи-танымдық ғылыми экспедициясының отырысы өтті.

Жиыңға аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаяев төрағалық етіп, ауданға арнайы келген қонақтарды жиналғандарға таныстырып өтті.

Отырысқа жоба жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Г.Бекенова, география ғылымдарының PhD докторы Н.Зинабдин, жоба мүшесі Д.Қасимова, Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Л.Жұмаханқызы, сондай-ақ ауданның өлкетанушылары, ардагерлері, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен сала мамандары қатысты.

Кездесу барысында ғылыми-зерттеу тобының экспедициялық жұмыстарының мақсаты таныстырылып, өңірдегі тарихи жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан зерделеу, көне атаулардың шығу тарихын анықтау және оларды жүйелеу мәселелері талқыланды.

Жиында профессор Г.Бекенова экспедиция жұмысының негізгі бағыттарына тоқталса, Л.Жұмаханқызы мемлекеттік тіл саясаты мен ономастика саласындағы өзекті мәселелер бойынша баяндама жасады.

Сонымен қатар ауданның белгілі өлкетанушылары Ү.Қуатов, Б.Қуатов және Ә.Өуезов, Е.Абдулла өңір тарихы мен жер-су атауларына қатысты тағылымды ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Экспедиция аясында ғылыми-зерттеу тобы облыс аумағындағы елді мекендерді аралап, жергілікті тұрғындармен, өлкетанушылармен және көнекөз қариялармен кездесулер өткізіп, тарихи атауларға қатысты құнды деректерді жинақтайды.

Аталған жоба өңірдің тарихи-мәдени мұрасын дәріптеуге, топонимиялық қорды толықтыруға және ономастика саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуына өз үлесін қосады.

МЕКТЕП ДАЙЫН БА?

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев ауданға қарасты Асқар Токмағанбетов және Сәкен Сейфуллин ауылдарындағы білім беру ұйымдарына барып, 2026–2027 оқу жылының дайындық жұмыстарымен танысты. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайын қарап, жаңа оқу жылын талапқа сай ұйымдастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды бағамдады.

Жұмыс барысында аудан басшысы мектептердің оқу кабинеттерін, асханасын, спорт залын, шағын орталықтарын және өзге де нысандарын аралап көрді. Сондай-ақ оқушыларды жаңа оқу жылында қабылдауға барлық жағдайдың жасалуы, санитарлық талаптардың сақталуы және білім беру процесінің кедергісіз ұйымдастырылуы басты назарда болуы қажеттігін айтты.

Сонымен қатар, мектептердің жылу қазандықтарының жай-күйімен танысып, алдағы жылыту маусымына дайындықты уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарының қалыпты жұмысын ұйымдастыру және барлық дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

ТАЛАПҚА САЙ АСФАЛЬТ ТӨСЕЛУДЕ

Аудан орталығындағы Ж.Таспанбетова, А.Құнанбаев, С.Кәрімбаев және Б.Токбаулин көшелерінде күрделі жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аталған жоба аясында жол жабыны жаңартылып, талапқа сай асфальт төселуде. Бұл жұмыстардың басты мақсаты - тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қозғалысын қамтамасыз етіп, елді мекеннің жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту.

Жобаның мердігер мекемесі - «Әлем Транс Жол» ЖШС.

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауда ұстауды, барлық жұмыстарды бекітілген жоба талаптарына және белгіленген мерзімге сәйкес сапалы аяқтауды тапсырған болатын. Сонымен қатар, жөндеу жұмыстары барысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындарға барынша қолайлы жағдай жасау, уақытша жол белгілерін талапқа сай орналастыру және еңбек қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажеттігін ерекше атап өткен болатын.

Жол инфрақұрылымын жаңғырту - халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, көлік қатынасының қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

ҚАРМАҚШЫ

“ҚОРҚЫТ” ҚОНАҒЫ

Әзербайжан техникалық университетінің халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, доктор Фариз Маммадов, радиоэлектроника және телекоммуникациялар кафедрасының меңгерушісі, профессор, доктор Мехман Хасанов және экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесші Наиб Гаджиев жұмыс сапарымен Қармақшы ауданында болды.

Сапар аясында делегация мүшелері Қорқыт ата мемориалдық кешенінде болып, қасиетті мекеннің тарихымен, сәулеттік ерекшелігімен және Қорқыт атаның түркі халықтарының рухани-мәдени мұрасындағы айрықша орны туралы жан-жақты мәлімет алды.



Қонақтар мемориалдық музейдің экспозицияларымен танысып, Қорқыт мұрасына қатысты тарихи-мәдени құндылықтар, археологиялық жәдігерлер мен сирек кездесетін музей қорындағы экспонаттарды тамашалады. Музей қызметкерлері арнайы экскурсия ұйымдастырып, өңірдің бай тарихи мұрасы мен Қорқыт атаға қатысты құнды деректер туралы кеңінен ақпарат берді.

Делегация өкілдері кешен аумағын аралап, тарихи-мәдени нысандарды көріп, Қорқыт ата мемориалдық кешенінің түркі дүниесі үшін маңыздылығын ерекше атап өтті. Сондай-ақ Қармақшы өңірінің тарихи-мәдени әлеуетіне, туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары бағаларын білдірді.

Қорқыт ата мемориалдық кешені - ұлттық құндылықтарды дәріптеп, түркі өркениетінің ортақ рухани мұрасын насихаттайтын киелі орындардың бірі. Бүгінде бұл кешен Қазақстанның ғана емес, шетелдік туристер мен ғылыми қауым өкілдерінің де қызығушылығын тудыратын маңызды тарихи-мәдени орталық ретінде танылып келеді.

АУЫЛ ӨНЕРПАЗДАРЫ КОНЦЕРТІ

Жосалы кентінің орталық алаңында аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ел іші – өнер кеніші» мәдени шарасы аясында кезекті концерттік бағдарлама өтті. Мәдени шараның мақсаты – ұлттық өнерді ұлықтау, жергілікті өнерпаздардың шығармашылығына қолдау көрсету, мәдени мұраны кеңінен насихаттау және тұрғындардың мәдени-рухани өмірін жандандыру. Бұл жолғы концерттік бағдарламада Қармақшы ауылы мен Қызылтам елді мекенінің өнерпаздары сахнаға шығып, ән мен жырдан, күй мен билен шашу шашты. Ұлттық нақыштағы өнер көрсетілімдері мен әсерлі музыкалық

нөмірлер көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, кештің сәнін келтірді. Ашық аспан астында өткен мәдени кешке аудан тұрғындары мен қонақтары белсенді қатысып, жергілікті өнерпаздардың өнеріне зор қошемет көрсетті.

Айта кетейік, «Ел іші – өнер кеніші» мәдени жобасы қыркүйек айына дейін әр сенбі сайын Жосалы кентінің орталық алаңында жалғасады. Концерттік бағдарламаларға ауданның барлық ауылдық округтері кезең-кезеңімен қатысып, өздерінің үздік өнерлерін көпшілік назарына ұсынады.

ҚЫЗЫЛТАМДА КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Қармақшы ауылдық округіне қарасты Қызылтам елді мекеніне жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен кездесті және ауылдағы бірқатар нысандарды аралады.

Алдымен аудан басшысы Жалағаш–Жосалы автожолы бойындағы теміржол арқылы өтетін көпірге жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты Қызылтам елді мекені мен көпір аралығындағы уақытша айналма жолды қарап, оның жай-күйімен танысты. Жолдың қауіпсіздігі мен тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай жасау мәселелеріне назар аударып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктелді.

Одан кейін аудан әкімі №79 орта мектепке барып, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын аралап көрді. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы, оқу кабинеттерінің жабдықталуы және білім беру үдерісіне жасалған жағдайлармен танысып, жауапты

тұлғалармен пікір алмасты.

Жұмыс сапары барысында аудан әкімі Қызылтам елді мекенінің тұрғындарымен кездесіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инфрақұрылымына қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Кездесуде тұрғындар өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, көтерілген мәселелер бойынша тиісті жауаптар мен түсіндірмелер алды. Сонымен қатар, айтылған ұсыныстардың әрқайсысы назарға алынып, оларды кезең-кезеңімен шешу бағытында жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Сапар соңында аудан әкімі Марал ишан кесенесіне электр желісін тарту жұмыстарының барысымен танысты. Нысандағы жұмыстардың сапасы мен орындалу қарқынын бақылап, жауапты сала мамандарына құрылыс-монтаж жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов:

МАҚСАТ ТЕК САНДАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЕМЕС

Жеке инвестиция көбейді



1-ші жартыжылдықта негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 168 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 105,8%-ды құрап отыр.

Оның ішінде, жеке инвестиция көлемі 116 млрд. 124 млн. теңге, ол өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 116,9 %-ға артты.

Кәсіпкерлер көбейіп, жұмыссыздар азайды



Қызылордада кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында нақты нәтижелерге негізделген жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Жыл басынан бері «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 224,4 млн. теңгені құрайтын 27 жобаға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие берілді.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 122,8 млн. теңгені құрайтын 5 жоба қаржыландырылды.

«Аграрлық несие корпорация» АҚ арқылы жалпы құны 1,6 млрд. теңгені құрайтын 11 жоба қолдау тапты.

Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін «Даму» қорымен субсидиялау шаралары жалғасып, жалпы құны 1,7 млрд. теңгені құрайтын 11 жоба мақұлданды.

Бұл өз кезегінде қала кәсіпкерлерінің санын 32 мыңнан, ал жұмыспен қамтылғандар санын 63 мың адамнан асыруға ықпал етті.

Қағаз, картон мен сүт өндірісі



Сондай-ақ, шағын және орта бизнес саласында 868,2 млрд. теңгеге өнім өндіріліп, өңірлік экономикаға елеулі үлес қосылды.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

Жыл басынан бері «Марал Нұр» серіктестігінің жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған жаңа өндірістік кешені пайдалануға берілді. Жобаның нәтижесінде 100 жаңа жұмыс орны ашылды.

Кешеннің қуаттылығы жылына 600-ден астам жолаушы вагонына техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Алаш Метан» серіктестігінің метан газ құю бекеті бар жол бойындағы қызмет көрсету кешені іске қосылды.

Аталған жоба өңірдегі жол бойы сервистік қызметтердің сапасын арттыруға және тұрғындар мен автокөлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Өңдеу өнеркәсібі саласында «Rem Plast Invest» ЖШС-нің жылына 5,4 мың тонна қағаз және картон шығаратын зауыты құрылысы іске асуда. Құрылыс жұмыстары қараша айында аяқталады.

Бұдан бөлек агроөнеркәсіп кешенінде «Қызылорда Құрылыс НК» серіктестігінің 800 басқа арналған тауарлы сүт фермасының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жоба іске қосылғаннан кейін өңірдің сүт өнімдері өндірісін ұлғайтуға және ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосады.

- ✓ 1-ші шілдеге қала бюджетінің түсімдері 79 млрд. 739,7 млн. теңгеге жетті.
- ✓ Салық базасын ұлғайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру барысында кірістер басқармасымен бірлесіп, 6 526 салық төлеушімен жұмыс жасалды. Одан 2 млрд. 496,2 млн. теңге қосымша түсім түсіру жоспарланды.
- ✓ Бүгінгі күні орындалғаны 1 млрд. 683,7 млн. теңге, жыл аяғына дейін 812,5 млн. теңге түсім күтілуде.
- ✓ Құрылыс жұмыстарының көлемі 73 млрд. теңгеге жетіп, 114,8%-ға орындалды.
- ✓ Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 201 399 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 100,5%-ды межеледі.
- ✓ Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2 млрд. 897 млн. теңгені құрады. Өсім әлі де қалыптасады.
- ✓ Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 276 млрд. 183 млн. теңгеге жетті.
- ✓ Өңдеуші өнеркәсіп саласында 49 млрд. 136 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 127,5%-ға артты.
- ✓ Бөлшек сауда көлемі 241 млрд. 267,8 млн. теңгеге жетіп, 102,0%-ға артығымен орындалды.
- ✓ Аяқ суды үнемдеуге бағытталған шара - Қызылжарма каналының науа құрылысы. Ұзындығы 9 шақырымды құрайтын науаның құрылыс жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.
- ✓ Биылғы жылы бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 4 919 пәтерді сатып алуға 101 млрд. 45,7 млн. теңге бөлінді. Бұл үйлердің жалпы ауданы 318,4 мың шаршы метрді құрайды.
- Оның ішінде ипотека бойынша 1 113 пәтерді құрайтын көпқабатты 17 үй және әлеуметтік осал топтарға 3 806 пәтер болатын 155 үй бар.

БІРЛЕСКЕН КҮШ - ҮЙЛЕСКЕН ІС

Президентіміздің және Үкіметтің қолдауымен қаламыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. Зәулім ғимараттар бой түзеп, көпсалалы кәсіпорындар ашылды.

Жыл басында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында «Достық үйінің» жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Биыл 300 орындық көпбейінді аурухананы пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз.

Қаламыздың сол жағалауында 500 орындық емхана, Президент

саябағы аумағында 200 орындық перинаталдық орталық салынуда. Қаланың шет аймағында 400 орындық емхананың құрылысы жүргізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Президенттік кітапхананың құрылысы басталды. Жаңа Драма театрының іргетасы қаланды.

Қазіргі таңда, «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы да аяқталуға жақындады. Аумағы 26 мың шаршы метр,

50 метрлік жүзу бассейні, 2500 орындық әмбебап спорт залы және 300 орындық конференц-залы бар кешен халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарды қабылдауға бейімделеді.

Алдымызда әлі жүзеге асырылатын жобаларымыз бар. Қазіргі таңда 108 млрд. теңгені құрайтын 101 жоба әзірленіп, республикалық және облыстық бюджетке ұсынылды. Бұл қаражаттар қолдау тапқан жағдайда, тиісті жұмыстар атқарылатын болады.

Басы 1-бетте

Базарлар жаңарады



Сауда базарларын жаңғырту жұмыстары аясында 5,8 млрд. теңге инвестиция тарту көзделген.

Осындай мақсатты жоспарлардың нәтижесінде «Сұлтан» әмбебап базары толық жаңғыртудан өтіп, пайдалануға берілді. Қалған 3 базар, яғни «Асбол», «Сыбаға» және «Талғат» сауда орындарында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.



Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов:

- Атқарылған ауқымды жұмыстар мен алдағы жоспарларымызға тоқталдық.

Мұның бәрі — мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан жүйелі қолдаудың және әрбір қызылордалықтың қаламыздың өсіп-өркендеуіне қосып жатқан ортақ үлесінің нәтижесі.

Біз үшін басты мақсат — тек сандар мен көрсеткіштерге қол жеткізу емес, әрбір тұрғынның қалада өзін қауіпсіз және жайлы сезінуіне жағдай жасау.

Алдымызда қаламызды дамыту жолында атқарар міндеттеріміз бен бағындырар белестеріміз әлі көп. Осы игі мақсаттарға тек бірлескен еңбек пен ортақ жауапкершілік арқылы ғана қол жеткізе аламыз.

Осы орайда 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауы — ел болашағы үшін жасалатын маңызды қадам.

Бұл — әрбір азаматтың мемлекет өміріне белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға, ертеңгі күнімізге ортақ жауапкершілік алуға берілген теңдесіз мүмкіндігі.

Әрбір дауыс маңызды, ал белсенді азаматтық ұстаным қоғамдық келісімді нығайтып, еліміздің даму қарқынын арттыра түседі.

Туған қаламыздың келешегі мен игілігі жолында бірлесе атқарар істеріміз көп болсын!

Жұмыссыздық деңгейі 4,4%

Жұмыссыздықты жою - басты талап.

Биыл «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 110 маманға көтерме жәрдемақыға 47,5 млн.теңге бөлініп, бүгінгі күнге 35 маманға 15,1 млн. теңге берілді. Бюджеттік кредитке 30 маманға 259,5 млн.теңге бөлінді.

Статистикалық деректерге сәйкес, бүгінгі күнге халық саны 368,9 мың адамды құрады. Осу қарқыны 1,2%.

Жұмыс күшінің саны 150,7 мың адам болса, жұмыссыздық деңгейі 4,4%.

Ал енді, жыл басынан жаңа жұмыс орындарымен қамтылған азаматтар саны 4216, оның ішінде тұрақты жұмыспен қамтылғаны 1492 адам.

Жыл басынан бері 1 256 адам қоғамдық жұмысқа, 9 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. Жастар тәжірибесіне 174 жас маман жолданды.

Арпа, бидай ас екен...

Ауылшаруашылығы – экономиканың негізгі драйвері. Сондықтан бұл салаға ерекше екіпн беріледі.

Биылғы жылы барлығы 7 819 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды.

Жаңа жоңышқа 690, кант құмайы 57, арпа 90, жаздық бидай 70, жүгері 185, судан шөбі 100 гектарға егілді. 2450 гектарға көкөніс, бақша дақылдары дәні себілді.

Ал, негізгі дақыл күріш 2 681 гектарға егілді.

Вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуде. Шаруашылықтарға аяқ су жеткілікті деңгейде берілуде.



Туризмнің қонақ үйлері

Туризм саласында да бірқатар ірі қонақ үй жобалары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Rixos», «Ibis» және «Papa» қонақ үйлерінің құрылысы жүргізіліп, қызмет көрсету саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған жұмыстар қарқынды іске асуда.



Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Жарым көл былғанды, мен тазарып, жеңілейіп, жағаға шықтым. Жана киім кигізген. Дөрекілеу матадан тігілген, ауы кең, балағыз ұзын, ақ дамбал, мол пішімді, жағасыз ақ көйлек. Содан соң балағыз жырым, оқалы шалбар, жеңі қысқа, алды оюлы, етегі тізеден төмен қоныр мақпал қамзол. Тақыр басыма дөңгелек такия қона кетті. Мен мәртебелі тұтқын (“знатный пленник”) екенімді аңдадым. Басқа бір үйге келдік. Жасаулы, бай. Тор көз қабырғалар көрінбейді, түрлі түсті, әшекейлі кілемдер қапталған, төрге, оюлы киіз үстіне көк ала көрпе, мамық жастықтар тастапты. Мені ең жоғарыға отырғызды. Қасымда маған иелік етуші жас қайсақ, одан әрі мені тұтқынға алған дембелше түземдік, олардан төменге өздерінше сәнді киінген тағы бірнеше кісі келіп жайғасты. Сабырлы мінез, маңғаз қалыпта көрінуге тырысқанымен, әуестіктерін әрең жасырып отыр. Көз қырымен, қабақ астымен ғінте, тексере қарайды. Аздан соң үйге күндіз бөрік, қымбат шапан киген, бұрыл мұрт, жібек сақалды карт келіп кірді. Үйдегі жастар тегіс жамырай көтерілді. Еркімнен тыс қимылмен мен де орнымнан тұрдым. Осы рудың көсемі екені танылған. Қасында маңдайы, жағы оқалы, иеске дейін тартылған ақ жібек шалма ораған (түпнұсқада кимешек осылай аталады – чалма, - М.), орта жастардағы, кербез кейіпті, бойы тік, етжеңді бәйбішесі бар. Ру көсемі орындарынан тұрған жігіттердің бәрімен қол алысып, салмақпен амандасты да, мені қаусыра құшақтап, баурына басты. Содан соң төрге, манадан бері менің сол жағымда бос тұрған орынға отырды. Бәріміз де тізе бүгіп, түрікше жайғастық. Тек бәйбіше ғана төрге шықпаған. Маған танырқай, жатсына қараған қалпы босағада бөтеліп еді, бәріміз отырып, қожайыны – ру көсемі арнайы шақырған кезде ғана басын иезіп, ауыр күрсінген. Содан соң бірден сұрады. Менің кісемім туралы екен. Мана басқа бір жұпыны (сірә, қызметшілерге тиесілі) үйде білезігі қырқылып, есікте қалған кісен осында жетіп, босағаға, тор шарбақ (кереге, - М.) басына ілінген екен. Бәйбіше әуелі кісенді сипап көрді, содан соң салбыраған шынжырынан тарта ұстап, сәл тұрды да, өксіп жылап жіберді. Үлкен көздері жасқа толып, маған қарады, қайтадан кісенге көз салды. Төрге аттай бере, дауыстап жылап, бетін басты да, үйден шығып кетті.

Мен танырқауды ұмытқалы қашан. Ұққам да жоқ, ойлап бас та қатырмадым. Аз уақыт ашық күмбез астын ауыр тыныштық жайлады. Көк аспанда ұлпа бұлттар қалқиды. Алдымызға дастарқан жайылып, көшпенділердің мен көрмеген экзотикалық тағамдары қойыла бастады, аттарын кейін білдім – құрт, ірімшік, жент, қуырған бидай, балқаймақ, торта, қазы, шұжық, тағы басқа да нәрлі, қуатты астар. Манағы қызметші келіншек ошақтағы ағаш көміріне қызған жез құмғаннан дөңгелек кеселерге әлденендей қызылқұрған сұйықтық құйып тарата бастады. Кофе емес, сүт қосқан, мөлшерден тыс қою шай екен. Мен көсемнің оң райын таныған соң, қайткенде де әзірге жағдайым жаман болмасын аңдап, әрі кісен салмағынан құтылғам, үстім тазарып, киімім жанарған, діңкем құрыса да маужырап, рахаттанып отырым.

Аксақал өз тілінде жөн сұрай бастады. Мен ымдап, түспалдап айтқан болдым. Оқуыш шәкірт едім. Петербуртта (“О-о! – дескен, қарапайым түземдіктер тегіс танырқап. – Петрбор!..”) оқып жүргем. Ешқандай кінәм жоқ. Қарулы жендеттер (түземдіктердің империяның жаракты кісілерін жек көретіні әмбеге аян) ұстап алып, ұрып-соғып, аяқ-қолыма кісен салды. Сібірге қаторғаға айдалды. Көктегі құдай жәрдем жасап, жолай қашып шықтым. Мына Сіздің жігіттердің (мені осы ауылға әкелген, төменіректе отырған екі қайсақты көрсеттім) арқасында пәледен құтылдым. Енді жас мырзаның (мені қабыл алған қияқ мұрт жас жігіт осы ақсақалдың баласы екені түрінен де ыңғайында да қатесіз танылған) және Өзіңіздің мархаматыңызға жолығып отырымын... Зерделі карт көсем менің айтқан сөздерімді түгел ұқты. Бас изеп, мақұлдауына, мені нықтан қағып жұбатқанына қарағанда, ұққандай көрінді. Енді сенің басына ешқандай қатер жоқ.

Осы ауылда, осы үйде жатасын. Мына менің баламмен, мына біздің жігіттермен бірге боласын. Содан соңғысы аспандағы алланың әмірінде...

Атымды сұраған. Станиславка тілі келмеді. Истам... Аслам... Ақыры, мені арқаға қағып күлген. Жас мырзаның есімі Сіләмбек екен, менің атым соған сәйкес Стамбек болым шықты. Басқа жігіттер де атап айтып жатыр. Өлібек, Ахметжан, Мұстафа, Темірхан, Шәміл деген сияқты, көбі мұсылман әлемі, татар, түрік тарихы туралы мен оқыған әдебиеттен белгілі есімдер. Көздері қара, беттері жалпақ, бастары домалақ, жел, күн қаққан қоңырқай өңді, әйтпесе көдімгі адам, жол тосқан қаракшыға да, жанкешті мұридтерге де ұқсамайды; әйткенмен

Ендігі билік Сіләмбек мырзада. Кісілері жаракаттана бастаған екен, кейбірінің қолында жұпыны істік найза, кейбірінде кәдімгі ағаш шабатын балта, отты қару атымен жоқ. Тек мырзада ғана су-жана винчестер бар, отау үйде, кереге мен кілем арасында ілулі тұрғанын байқап қалғам. Менің долбарымша, соғыссыз бітетін іс емес, жау тегіс мылтықты, жан-жақтан қаптап келеді. Сіләмбек мырза саспады. Жігіттерді тегіс өз үйлерінде отыруға, айқай шықса ғана көтерілуге бұйырған (бұл әңгіменің егжей тегжейін, әрине, кейін ұқтым). Өзі де қаруланбады. Винчестерді ең шеткі үйде тұратын Мұстафаға берді, қайткенде де ақырына дейін шыдауға бекінгендей. Екеуміз үлкен мырзаның ақ ордасына қарай жүрдік. Бірер рет кіргенім бар, сән-салтанатты, жиһазды, аса бай юрта. Бағзыдағы половец хандарының шатырлары қандай болғанын білгісі келген тарихшы, этнографтар қазіргі дала князьдарының ордасын тексеріп, тануы қажетін ұққам. Сол ордаға әкелді. Алдымен шиыршықталып оралып, іргеге сүйеулі тұрған кілемдердің бірін жазғысып, мені соған жатқызды. Жаңағы суыт жеткен жігіт басқа емес, маған қатер төнгені туралы

Әлде төзімім таусылды ма, әлде әуестік жеңді ме, мен атып тұрып, есік алдына шықтым. Оншақты кісі мәстектерін тепелей қамшылап, кикү салып, көлді жағалай тырағайлап барады. Отырыстары мүлде бөлек, қайсақтар сияқты жамбастай, ер үстінде қисая толқып, ат жалына жабысып алған. Киімдері де полицейлерге ұқсамайды. Қазактар! “Казак-орыс” – деді боп-боз болып, қушыып тұрған Сіләмбек мырза. Өзінде болмаған әдетпен ысықрта боктады. Бірақ жаңағы казактардың тілімен салыстырғанда уытсыз ғана емес, тым жұпыны, сыпайы еді. “Сұмырай, қанішер казак-орыс” ағайындарын біраз жерге ұзатып, ішін босатқан соң мейірбан кейіпке енген жас мырза мені құшақтап, аркамнан қақты. “Аман! Аман!” дейді. Ал мен аман қалғаныма қуана алмадым. Бар тілегім кесілгендей, қасірет жамылып тұр едім. Өйтпегенде ше! Болашақ тірлігімді, зор үмітімді осы казактарға байланыстырып едім ғой. Қандас, діндес бауыр, еркін өмір! Әрине, мен казактар қауымы баяғы Сағайдаңный мен Булавин заманынан басқаша екенін, тіпті, Емелька Пугачев кезіндегі мінез-құлқын да ұмытқанын білетінімн. Патшалық тәртіпке біржола

мен неше түрлі сұмдықты көрдім. Қан қайнайды, ыза буады... Бірақ қайсақтарға зәредей де көмек тигізе алмадым. Әрине, заңға жүгінесек, шындап қуынсақ, ылғи осылай кете бермес еді, бірақ тіл білетін, жөн-жоба білетін мен өкіметтің көзіне түсе алмаймын, өз басым саудада. Байырғы жұртыңды жек көргеннен, жаңа жұртыңа жан ашығаннан басқа не келмек қолдан!.. Сонымен, империяның туған ұлдары – казактар мен қарашекпендер бір жақта, өгей ұлы, өгей де болса ұл емес, басыбайлы құлы бұратана қайсақтар бір жақта, - октын-октын дау-дамай, ұрыс-жанжалдар шығып тұрарды ғой. Ауыл үстінде ат ойнату, зорлық-зомбылық тыйылмайды. Бірле таяу маңдағы переселендер тұрағынан бес-алты өгіз жоғалыпты. Мүмкін, барымташылар әкеткен шығар, мүмкін, соналап, желден кеткен шығар. Қарашекпендер аша, батталарын алып, Сыпатай аулына келеді де, дәл іргде жатқан жылқыны айдап жөнеледі. Әрине, жылқышы жігітті өлімші етіп сабаған. Ауылдағы бас көтерер азамат тегіс атқа қонады. Жылқыны айырып алу кезінде бірнеше мұжық соққыға жығылады, ал төбесін сойыл ойған бір мұжық тіл тартпай кетіпті. Мана, алғашқы шабуылда құлаған жылқышы күп болып өлген, одан соңғы қактығыста тағы қаншама казак жараланған – бірақ оның бәрі есеп емес, тергеу, тексеру кезінде бас күнәкар, әдеттегіше, жергілікті жұрт болып шығады да, қайсақтарды бастап бүлік шығарған, кісі өлтірген қылмыскер Ыбырай Сыпатай баласы Сібірге айдалады...

Мұның бәрін кейін білдім. Ал сол сәтте, тағы бір тұтқыннан, бәлкім, азапты ажалдан аман қалған күні қуана алмадым. Менің еркіндікке жету тұрасындағы жоспарымның казак-орыс варианты – яғни, казак станицаларының біріне сіңісіп, ес жнып, жағдайды толық бағдарлаған соң өмірлік мақсат жолына қайта түсу туралы қиялдарым мүлде негізсіз болып шықты. Тілі, діні, ғұрпы бөлек, тұр-тұлғасы бөтен, ашық аспан астында қарапайым тіршілік кешсе де, бар бақыт осындай салкам тұрмыста деп білетін көшпенді жұрт ортасында – біз жүзде князь Игорь еріксіз түнеген киіз шатыр астында жатып, таң атқанша дөңбекшідім. Жалған дүние. Қайта айналып кетпей ме. Жок! Тарих бір-ақ бағытта дамып келеді. Мен ертен емен-жарқын көңілмен еліне қайтатын жауынгер князь емеспін. Мен – қайда барса да басына пана таппайтын, өз жұрты талақ еткен панасыз қашкынмын... Заманым осы. Пешенектер. Половектер. Содан соң татар-моңғолдар. Мың сан арбамен, жүз мыңдаған малымен көшіп жүрген. Қандай күшті болған! Ендігі зағип халдері мынау. Тапа-тал түсте өкірендей шауып бес қазак келеді де, бүкіл ауылдың астын-үстіне түсіреді. Аузына келгенін айтады, қорлайды. Қырып кетсе де құқы жетіп тұр. Ал кезегі Қоныжқаш ханның, Бату ханның әулеті ауытқа да аша алмайды. Дөрмен жоқ. Өшпенділіктен бөтен ештеңе қалмаған көкіректе. Казак-орыс дейді. Шала-пұла болған сияқты. Жарты орыс. Толық орысты да жетістірмес. Білмейді дейсің бе, түсінебейді дейсің бе, бар пәленің қайдан шығып отырғанын. “Орыспен жолдас болсаң, жаныңда балтаң болсын!” “Сары орыстың бәрі орыс!” Бұрын естідім бе, кейін түйдім бе – осындай мақалдары бар. Бірақ мені қабыл алды. Бәрі орыс демей. Балтасыз... Мен қонақпын! Құлдыққа сатпасына, азар көрсетпесіне көзім жеткен. Тегіміз бөтен болса да, түбіміз бір. Бәріміз де Адам – Атаның баласымыз!.. Сол сәтте ғана есіме түсті. Бұдан бес жыл бұры, мың жыл бұрын жасаған, осы Ордада тіршілік кешкен, дәл осындай киіз шатыр астында түнеген бабалармы! Міне, тағдырдың тәлкегі! Менің арғы бабам Бекей мырза Орданың күш қуаты шеңбірек атып тұрған шақта орыс ішіне қашады. Арада бес ғасыр өткен соң, бар билік Россияға көшкен шақта сол Бекейдің бақытсыз ұрпағы Станислав – мына мен қырғыз-қайсақ ішіне қашам. Мені тықсырған – қыспақ пен қапас. Бабам Бекейді ығыстырған қандай зауал? Көп ұзамай Орда өзінің күш-қуатынан айрылы бастады, ақыры шылпара болып ыдырап, бөлшектеніп, бүгінгі зағип, кіріптар халге түсті. Сірә, ел тұтқасы болуға тиіс азаматтардың шетке қағылуы – дүрілдеп тұрған державаның өзінің көп ұзамай күйіремак жоралғысы сияқты. Әлем аумалы-төкпелі. Арала екі-үш ғасыр өткенде көшпенділер ұрпағы жаңа тыныс тауып, империяның орталығы қайтадан шығысқа көшпесіне кім кепіл? Исус Христос тугалы екі мың жыл да өткен жоқ, алда қаншама мың жыл тұмыр бар. Не болмақ, немен тынбақ? Үлкілі еді. Өз басымыды арашалай алмай, ертеңін түгіл, бүгінгі күнім немен бітерін білмей жатып, халықтардың, империялардың, әлемнің болашағы туралы ойлағанын күлкілі еді. Сірә, ұзақ уақытқы тергеу, азапты этап, ең бастысы – бүгінгі үрей, - шыншымды айтайын, мен алғаш түрмеге түскен, үкім күтіп отырған кездерімде де мұндай қорықпаған едім, - осының бәрі ақылмыды, жүйке-тамырымды шайқаса керек. Мен қараңғы киіз үй ішінде жатып, қарқылдап күлдім. Іргеден ит үргенде ғана ес кіріп, әрен тоқтағам. Тез тынышымды. Бар түйін ежелгі дәстүрінен айныған, империяның тірек-күші, биішк-шоқпарына айналған казактарға қарап тұрған жоқ. Тұтқыннан қашудың, Россияға жетудің жолы көп. Ес жыйын, оң-солымды танын. Содан соң өзімнен бұрынғы қаншама революционер пана тапқан, күрестің басқа тәсілдеріне көшкен, неше барып, неше қайтқан Еуропадан бір-ақ шығам. Құдай куә.

(Жалғасы бар)

САРЫ ҚАЗАҚ

мен мұсылман қауымының, оның ішінде татар текті халықтардың түрі момақан, тілі жұмсақ келерін білетін едім.

Әңгіме үстінде, - ру көсемі сараң сөйлесе де мен туралы өзіне қажет деректің біразына қаныққан кезде, - жігіттер, сірә, көшпелі тұрмыс, әскери демократия әсері, өздерін өте еркін ұстайды екен, дабырласып, гүлдесіп кеткен, әлденеге дауласады, әлденеге келіседі, кейде бірі сөйлеп, басқасы тыңдайды, кейде екеу-үшеуден өзара таласып, мақұлдасып, ақсақалға жүгінеді, әйтеуір ауыздары бір тынған жоқ, - осы қызғылықты, мәнісін, мағынасын ұқпасам да сырттай соншама табиғи көрінген әңгіме үстінде, әуелгі тағамдар ортайып, шай ішіліп болған соң жана дастарқан жайылып, алдымызға ұзындығы метрге жуық сопақша, үлкен ағаш астауға салынған, жілік-жілігімен жұйеленген бір қойдың еті тұтасымен тартылды. Мен аштық туралы оқығаным, естігенім бар, әліме қарап, сыпайылап ішісем де, лықа тойып отырғам, жана бір жазаға бұйыратындай қобалжып едім, ешкім зорламады. Астауға артылған ет үстінде үйтіп пісірген бас тұрған. Ру көсемі алдына алып, бір құлағын маған, екінші құлағын өзінің баласына кесіп берді. Қарын тойғанан бері ас таңдай бастаған, түрін де, дайындау тәсілін де ұнатпағанмен, амал қанша, зорлана ауызға салдым, мен қауіп-тенгендей емес, өте дәмді, әрі жеңіл екен, соған орай, қожайынның ашуын тудырмай, аман-есен жеп тауысудың сәті түсті.

Жұрт таралды. Аулаққа, тоғай арасына шығып келдік. Маған дәл осы үйге, төр алдына, қалың қабатталған киіз кілем үстіне төсек салып берді. Төбедегі тесік (шаңырақты айтады, - М.) жабылды. Жалғыз өзім. Байқауымша, есік құлыптанбады. Сыртта күзетшілер тұрса керек. Дәл бүгін маған бәрібір еді, өлген адамдай ұйықтаппын.

Келесі күндері де көпе-көрнеу қысас болған жоқ. Мен де көніп, момақан кейіп таныттым. Ішем, жеймін, ұйықтаймын. Жігіттермен бірге көлге түсем, ауыл маңында серуендеймін. Бір-екі рет атқа да міндім. Әрине, шабандоз болмасам да, бұрын талай рет салт жүргем, бірақ казактың ағаш ері жалпақ һәм жайсыз (кейін білдім, ат жалындағы өмір үшін бұдан қолайлы ер табылмас), мұндағы жылқының арқасы да басқаша сияқты (шынында да солай, кейін көзім жетті, қазанат, жабы аталатын далалық тұқымдардың қабырғасы кең, сауыры жалпақ келеді, бірақ бұл – тіршілік ыңғайымен қалыптасқан қасиет) сондықтан үзенгіге аяқ салып көрмегендей кепке түстім. Алғашқы күні соншама берекем қашты. Әйтеуір жығылғам жоқ. Ердің қасынан ұстап отырдым, ал ат желген кезде қопандап, өте жайсыз хал кешіп едім. Үнемі менімен бірге жүретін Сіләмбек мырза қанша салмақты болайын десе де күлкісін жасыра алмады. Ішегі түйіліп, ат жалын құшып, әрең басылған. Атқа қалай, қай жағынан міну, қалай отыру, тізгін ұстау, тақым қағу, қамшылау жайын – бір сөзбен айтқанда, көшпенділердің шабандоздық өнерін үйрете бастаған. Қандай аңқау халық. Мен атпен жүруге жетігіп алған соң, қаранғы бір түнде жасырын шығып, тура терістікке - энеукүні ғана ара-арасымен бой тасалап, әрең өткен казак станцияларына қарай тартып отырады деп ойлamayдым.

Көп ұзамай казактарды көрудің де сәті түскен. Арada жарты айдай өтіп еді. Мен құлан-таза оналмасам да, тынайып қалғам. Түс кезінде, қымыз ішіп (мен бұл сусынға өбден үйреніп, тіпті, құмар болып алған едім) үйде отырғанбыз. Ахметжан ба, Темірхан ба, тәуелді жігіттердің бірі асығыс жетіп, әлдебір жайсыз хабары айтты. Іле-шала ауыл еркектерінің біразы жиналып қалды. Тегіс қатулы. Үлкен мырза (ешкім атын ағатайтыр ру көсемінің есімі Сыпатай екенін көлденеенен суыртпақтап білгем) ауылда жоқ, алыс далада, әлдебір шаруамен кеткен болатын.

ескерткенін, бар дүрбелең мен үшін екенін сонда ғана ұқтым. Біреуден – біреу естіген. Содан хабар патша тыншыларының құлағына тиген. Енді полиция мені ұстауға келе жатыр. Қайсақтардың, кен далада еркін тұрмыс құрып жатқанымен, патша агзамға бодан екенін мен, әрине, жақсы білем. Өкімет өкілдері тап басып келіп, қатал талап қойса, қашқынды бермей тұра алмайды. Жана ауыл жігіттері соғысқа да әзірлігін аңартты. Халықтың жүрегі таза. Бірақ сұрау қашанда ру көсемінен, ел басшысынан. Сіләмбек мырза мені аман алып қалудың қантөгіссіз жолын қарастырып отыр. Ырқына көне бердім. Мені жансыз зат сияқты, кілемге қоса, шиыршықтай айналдырып, орап, жабыла көтеріп, қабырғаға сүйеп қойды. Төбем ашық, сал-пал жайсыздығы болмаса, бірер сағат емес, бірер күн тұруға да болатын сияқты. Бірақ мен көп тұрмадым. Келер сәтте кілемді қайта жығып, мені шырмаудан босатып алды. Сіләмбек мырза асығыс жарылқпен жібек көрпе, мамық жастықтар қаланған биік төсекті бұздырды. Мені іргеге таман жатқызып, үстімнен көрпе-жастықты әлденеше қабаттап жинатқан.

Мен пысынағанмен, жан тәзерлік, тұнышып өлмес қалпыма үйреніп үлгермедім, дүңкілдеген ат тұяғы, үрген ит даусы, содан соң құлаққа жағымды, етене туыс, бірақ мағынасы мен әуезі қатан орыс сөздері естіле бастаған. Таза орыс тілі емес, провинциялық ерекшелігі бар сияқты, әрі қазақша аралас. Қашқын қаторжникті ұстауға келіпті. Анық біледі, осы ауылда. Кім айтты? Ұзынқұлақ. (Мұндай есімді адам бұл ауылда жоқ сияқты еді, көрші ауылдардың бірінші шыққан оңбаған болады; кейін білдім, бұл – кісі аты емес, біреуден біреу естіген хабар – дақпырт деген сөз екен, яғни, сенуге де, сенбеуге де болады, нақты дерек орнына жүрмейді.) Атты полиция жұртты дабырлатып, итердіі шулатып, ауылды екі айналып шықты; содан соң үй-үйіге кірген сияқты. Ақырында үлкен үйге – мырзаның өзінің ордасына, яғни мен жатқан жерге келді. Дабырлап, орысша, казакша аралас сөйлеп, тура төрге шыққан. Сыңайына қарағанда, оншақты адам сияқты. Өкірендей балдырлап, әлдекімдерді сыбап қойып, сораптап отырып қымыз ішті. Жоқ, асығыс, бешбармаққа қарамайды. Сылғағысы келіп тұрса, асатын етін қоржынға салып берсін. Міне, дұрыс. Патша агзамға қарсы аттакты террорист, пәленбай генерал, пәленбай губернаторы өлтірген қанішер қарақшының қаторғаға бара жатқан жолда, Қызылжардан өте бере, күзетшілерді тегіс үйрен жығып, кең далаға қарай қашқаны рас. Осы ауылда деген сөз бекер болды. Демек, келесі ауылда. Немесе, осы манайдың бір жерінде тығылып жүр. Көрсендер ұстап берсіндер. Көре тұра ұстамасандар, тиісті жерге жеткізбесендер ондырмаймыз. Сыпатай мырза бастап, осы рудын барлық еркегі Сібірге айдалады. Дайындала беріндер. Біз ұзынқұлақтан Сыпатай ауылы деп естігеміз. Өлі де күмән тарқаған жоқ. Сыпатай аулы. Мүмкін Сматай аулы. Әлде Сәбетей аулы. Шорт білсін. Есімдерін ұқсаc, түгел ұқсаныңыз. Смайыл деген ба ма? “Может Семей?” – деді Сәлімбек мырза. Қайдағы Семей? Семипалат. Полицейлер қатты дабырласты. Семипалатинск қайда, жерлін түбі, шығыс жақта. Бірақ кім білсін. Қаторжник қашқалы он үш күн болды. Аяғында кісен. Мүмкін аштан өлген шығар. Мүмкін, суға кеткен, батпаққа батқан шығар. Ең дұрысы – қасқыр жегені. Әйтпесе, жабайы киргиздардың өздері-ақ жеп қояды. Қарқылдасып күлген. Содан соң тегіс түрегелді. Есіктен шықты. Есіктен шыға бере қайта оралды. Іргде қалауды тұрған жүкті түгел құлатты. Ораулы кілем, сырмақтарды тепкілеп, ауыздарынан балағат ақтарылып, босағадан әрең асқан. Белдеуде ширыққан аттарына мініп, ауылдың барлық итін шулатып, аулаққа қарай шапқан.

мойынсұнған, орыс халқының, империяның ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ қандай қылмысы болса да, еркіндік іздеп қашқан панасыз бейбақты қуғындайтындай дәрежеде азып-тозды деп ойламағам. Міне, көзімнен көрдім. Бар тіршілігі бейшара қаторжникті ұстау, ұстамауға тіреліп тұрғандай, керемет ынталы; ыза мен өшпенділік – ешқандай негізсіз, себеп-салдарсыз қара көңіл қандай! Браво, вольный казак! Жарайсың, арда казғамыз! Патша агзамның қарғылы төбеті болып шығыпсың. Жана мені тауып алсаң ғой, қолымды қайырып байлап, ұрып-соғып, алдыға салып жазу айдап, әлім құрыған шақта арқанмен сүйретіп, қарқ-қарқ күліп әкетіп бара жатар едің! Жок! Онайықпен әкете алмайтын едің! Мен осы ауылға қонақпын. Мұсылман баласы үйіндегі қонағын жазаға, жалаға бермейді. Бұдан өткен масқара, бұдан артық қорлық жоқ. Өлсе де бермейді. Ал мына көшпенділердің дін рәсімін орындауы шамалы болғанмен, ділі қатты сияқты. Түгел қырылса да мені алып қалар еді. Ата салты үшін, азаматтық борышы үшін ғана емес. Адамдық арының үкім күшімен. Қалай ойламағам осы уақытқа дейін. Мен жай ғана қашқын, қатардағы қонақ емеспін. Бұғауымды шешіп, бүгін болмаса ертен қайта түсер кіріптар халден – тура келген өлімнен арашалап қалған өздері, яғни, жасаған жақсылығын аяғына жеткізугі керек. Мен жай ғана адам емеспін. Бұлардың ұғымынша мен ниеті харам ақ патшадан жапа шеккен, өздерін күнде жауламада да, тықсырып, жаныштап отырған, өбден кандарын қарайтқан басқыншы жұртқа жақпай, бұғауға түскен бүлікшілімн, яғни жауынның жауы – сенің досың. Осылай топшыладым. Тағы бір кілтіпан барын аңдағам. Көбіне ымдап, дыбыстап, кейде жекелеген сөздердің мағынасын топшылап, ептеп ұғыса бастағамыз. Ру көсемі Сыпатай ақсақалдың менен қайта-қайта сұрағаны – қаторғалда осы өздеріндей қайсақтарды көрген-көрмегенім. Сіләмбек мырзаға түрі ұқсаc жас жігіт кездескен жоқ па. Мен не айтам. Ішкі жақтан келе жатқанымды, Сібірге – азапты тұраққа жетпей қашқанымды, айдалғандардың ішінде әртүрлі ұлт өкілі – қапқаздық немесе казарлық мұсылмандардың да кездесетіні туралы ежіктеген болдым. Сіләмбек мырзаның көзі оттай жайнайды, Сыпатай ақсақал енесің жазып, екі айыр, ұзын, бұрыл сакалын салапап, үнсіз күрсінеді. Әлденеше мәрте әңгімеден соң ұққаным – көсемнің үлкен ұлы қаторғаға кеткен, осыдан тура жеті жыл бұрын.

Кейіннен әңгімесін толық естідім. Қазіргі Петропавловчу қаласы тұрған, бұрын Қызылжар атанған жер – қарауыл Дәулеткелді байдың ата-мекені екен. Туған жеріне орыстың бекініс қаласы орнаған соң Дәулеткелді балалары екіге-жарылады: үлкен ұлдар енді гәуірдің қол астында тұрмаймыз деп, онтүстікке қарай көшеді, шаңырақ иесі кенже ұл – осы Сыпатай ақсақалдың бабасы ата қоныстан аумапты. Бұлар орыс өкіметі мен казак хандары жасаған келісім бойынша, Есілді бойлап, Қызылжарды төңіректеп көшіп жүреді. Бірақ уақыт оза келе казактардың қысымы күшейе түседі, қарашекпендер мыңдап көшіп келеді, жер тарылады. Өбден есірген переселендер мен казактар бейбіт, қарусыз ауылдардың малын тартып алуды, адамдарын соққыға жығуды өздерінің міндетті борышындай көреді. Әрине, сылтау табылады. Казак – ат үстінде жүретін халық. Мал баққан халық. Ат үстіндегі адам бір қоныста отырмайды. Бағылған мал бір орында тұрмайды. Қия баса болды – “Жеріме түсті” – деген дау әзір. Бұл жер – казактың ғасырлар бойы мекендеген, бабасының сүйегі жатқан ата жұрты екендігі, бұл араға казактың кеше ғана, қарашекпеннің бүгін ғана келіп қонғаны есеп емес. Сылтаудың үлкені – қайсақтың беті жалпақ, өңі қоңыр. Ең бастысы – заң да, күш те сенің жағыңда... Шекараға жақын тұрған екі жыл ішінде

Сұрағым бар...

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРЕДІ МА?

Зейнетақы төлемдерін алушылар үшін зейнетақы жинақтарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мөлшерінде, жинақталған инфляция деңгейін ескере отырып сақтауына берілетін мемлекеттік кепілдіктің жойылуына қатысты келіп түскен сұрақтар бойынша БЖЗҚ төмендегіні хабарлайды.

Мемлекет кепілдік береді және реттейді.

Әлеуметтік кодекстің 217-бабында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап *«Мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына олардың нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде кепілдік береді»* деп көзделген.

Мемлекеттің зейнетақы активтерін сақталуына беретін кепілдігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін **реттеу**, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық банк, ҚРҰБ) де, ИПБ-лардың да инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін орналастыру кезінде оларды әртараптандыру және тәуекелдерді төмендету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ басқа да реттеуші нормалар арқылы қамтамасыз етіледі.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін **зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алуға** бағытталған мақсаттарды басшылыққа ала отырып басқарады.

ИПБ-ға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша заңнамада белгіленген жауапкершілік жүктеледі. Яғни, ИПБ алған номиналды табыстылық пен реттеушінің талаптарына сәйкес есептелген **табыстылықтың ең төменгі мәні** арасында теріс айырма болған жағдайда, ИПБ осы теріс айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтейді.

Мемлекет көп деңгейлі бақылауды қамтамасыз етеді

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жүйесі **көпдеңгейлі мемлекеттік бақылауда** қала береді.

-**Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес** (ҰҚБҚ), оған Мемлекет басшысы төрағалық етеді, зейнетақы активтерін басқару бөлігінде – инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды,

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ҚАНДАЙ КЕН ТАРАЛҒАН СХЕМАЛАРЫ БАР?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі алаяқтардың азаматтардың ақшалай қаражатын жымқыру үшін психологиялық ықпал етудің түрлі тәсілдері мен заманауи технологияларды пайдалануды жалғастырып жатқанын еске салады. Алдау мақсатында қаскөйлер ұйым қызметкерлері ретінде танысып, жалған сайттар мен аккаунттар жасап, сондай-ақ фишингтік хабарламалар таратады.

Алдау **қарапайым сату туралы хабарландырудан** басталуы мүмкін. Азамат хабарландыруға жауап береді, ақша аударады және ештеңесіз қалады.

Алаяқтар көбінесе **банк немесе полиция қызметкерлері** ретінде қоңырау шалады. Олар сенімді сөйлеп, шұғылдық әсерін қалыптастырады, қауіп бар екеніне сендіріп, тез әрекет етуге мәжбүрлейді.

Сондай-ақ **жалған инвестициялар белсенді** түрде қолданылады – оңай табыс табуға уәде береді, қаражат салуды немесе банктік қосымшаға қол жеткізу мүмкіндігін беруді ұсынады.

Бұдан басқа, қаскөйлер **фишинг әдісін** қолданады – ресми **сайттар мен хаттарға ұқсас жалған** интернет-ресурстар мен электрондық хаттарды жасайды. Азамат сілтеме арқылы өтіп, өзінің деректерін енгізгеннен кейін, оның шотына қол жеткізу мүмкіндігі қылмыскерлердің қолына өтеді.

Көбінесе алаяқтар **мессенджерлерде достарыңыздың атынан хабарлама** жіберуі мүмкін – қарызға ақша сұрайды, ұтыс ойынына қатысуды немесе сауалнамадан өтуді ұсынады, содан кейін шоттан ақша есептен шығарыла бастайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНЖЕНЕРИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАЛАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтарға әлеуметтік инженерия әдістеріне негізделген алаяқтық схемалардың таратылып жатқаны туралы ескертеді.

Көптеген адамдар қолма-қол ақшаны ұрлау үшін қаскүнемдерге банк жүйесін бұзу немесе өз құрбанының құрылғысына кіру қажет деп есептейді. Алайда, іс жүзінде қаскүнемдер жиі жағдайда адамды ақшаны, растау кодтарын дербес түрде аударуға немесе конфиденциалды ақпаратты ашуға көндіру арқылы психологиялық әдістерді қолданады.

Әлеуметтік инженерия – бұл адамдарды айла-шарғымен басқару арқылы олардың деректері мен қолма-қол ақшасына қол жеткізу тәсілі. Техникалық осалдылықтарды іздеудің орнына қаскүнемдер адамдардың сенімін, аңғалдығын, қорқынышын немесе пайда табу ниетін пайдаланады.

Мұндай схемалардың тиімділігі – алаяқтарға күнделі техникалық дағдыларды білудің талап етілмейтін-

басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды зерделеіп, БЖЗҚ қызметі туралы жыл сайынғы есептерді қарайды.

- **Үкімет** ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді.

- **Ұлттық Банк** зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алу мақсатында БЖЗҚ-ның инвестициялық декларациясын әзірлеп, бекітеді. Зейнетақы активтерін басқарады.

Бұл ретте Әлеуметтік кодексте әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру саласында **мемлекет, жұмыс берушілер мен азаматтардың ынтымақтастығы мен ортақ жауапкершілігі қағидаты** көзделген. Бұл – халықаралықтәжірибеде де кеңінен қолданылатын тәсіл.

Салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы

Әлеуметтік кодекстің 40-бабына сәйкес, салымшыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру және/немесе оларды Ұлттық Банктің басқаруында қалдыру жөнінде **шешімді дербес қабылдау құқығы** берілген.

2026 жылғы қыркүйекте **салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді** көздейтін заңнамалық өзгерістер де күшіне енеді. Қазіргі уақытта салымшылар міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының **50%-на дейін** және ерікті зейнетақы жинақтарының **100%-на дейін** ИПБ-лардың басқаруына бере алса, күзден бастап олар ерікті зейнетақы жинақтарын ғана емес, міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарын да ИПБ-лардың басқаруына **толық көлемде** беру мүмкіндігіне ие болады.

Салымшы **бір немесе бірнеше ИПБ-ны**, сондай-ақ **әртүрлі инвестициялық портфельдерді**, яғни ИПБ ұсынатын зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияларды өз бетінше таңдай алады. Бұл портфельдер тәуекел деңгейі, күтілетін табыстылығы және инвестициялау мерзімі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді.

ИПБ-лардың инвестициялық басқару тиімділігін бағалау үшін MSCI және Bloomberg сияқты әлемнің жетекші қаржы компаниялары қадағалайтын **композиттік индекстер** (бенчмарк), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ индекстері қолданылады. ИПБ-лар инвестициялық табыстылықтың белгіленген деңгейіне кепілдік

береді. Егер табыстылық нарықтық бенчмарктен төмен болып қалса, ИПБ айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтеуге міндетті.

Осылайша, салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтары бойынша әртүрлі инвестициялық активтерді басқарушыларды және әртүрлі инвестициялық стратегияларды (портфельдерді) өз бетінше таңдау құқығына ие.Зейнетақы активтерін басқарудың нарықтық тәсілдері жағдайында **инфляция деңгейіндегі мемлекеттік кепілдіктің** бұрынғы құқықтық және экономикалық мәні жойылады.

Зейнетақы активтерін басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету

Зейнетақы нарығындағы бірыңғай инфрақұрылымдық институт – БЖЗҚ, оның акцияларының 100%-ы Үкіметке тиесілі. Салымшылардың өз жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру құқығын іске асыруына байланысты БЖЗҚ-ның институционалдық міндеті де арта түсті. БЖЗҚ – **активтерді кім басқаратынына қарамастан** (салымшының таңдауы бойынша ҚРҰБ және/немесе ИПБ) барлық салымшылар үшін бірыңғай есептік және ақпараттық орталық, сондай-ақ олардың жеке зейнетақы шоттарының операторы болып табылады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару бойынша қолжетімді қызметтер мен сервис-тер ұсына отырып, азаматтардың жинақтары туралы ақпаратты **үзінді көшірмелерде тәулік бойы, аптасына 7 күн («24/7») режимінде** толық көрсетеді.Сонымен қатар, БЖЗҚ салымшылары үшін зейнетақы активтерін басқарудың заманауи цифрлық ресурсы ретінде **invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы** іске қосылды. Бұл платформа **барлық басқарушылардың** (Ұлттық Банк пен ИПБ) активтерді басқару нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді. Invest.enpf.kz платформасы табыстылық туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ белгіленген кезең аралығындағы деректерді динамикада қарап, активтерді басқарушылар мен олардың инвестициялық портфельдерінің нәтижелерін өзара салыстыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесі және қазақстандықтарды зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі мемлекеттік реттеу, бақылау мен жауапкершілік аясында қала береді. Бұл ретте халықаралық тәжірибеге сәйкес зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда басқа да қатысушылардың – қызметкер мен жұмыс берушінің де маңызы арта түседі.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА»: 62,7 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛДЫ?

2026 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бағдарлама іске қосылған 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалануға берілген **333 809 өтініш** орындалып, жалпы сомасы **62,71 миллион АҚШ долларына** жуық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздейді: **41,01 млн АҚШ доллары** сомасына **216 060 өтініш** орындалды. Білім беру ақысын төлеу үшін **21,69 млн АҚШ доллары** сомасына **117 749 өтініш** орындалды.

НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады. Одан кейін пайдаланылмаған қалдық алушының ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (40,25 млн АҚШ долларына 211 474 өтініш). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу үшін 1 583 өтініш беріліп, олар бойынша 269,48 мың АҚШ доллары аударылса, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 177,79 мың АҚШ долларына 1 081 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (20,36 млн АҚШ долларына 108782 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (894,12 мың АҚШ долларына 6 153 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (335,33 мың АҚШ долларына 2 175 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өкілдер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға **130,71 АҚШ доллары** кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – **129,38 АҚШ доллары**, 2023 жылы - **100,52 АҚШ доллары** мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы **алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі**.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - **370 доллар 56 цент**;
- екінші жыл - **263 доллар 93 цент**;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында **130 доллар 71 цент**.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері **kids.enpf.kz** сайтында баланың ЖСН бойынша, **eGov.kz** электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ **eGov Mobile** және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексерсе алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы **құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет**:

eGov Mobile қосымшасында: «Цифрлық құжаттар» - «Отбасы» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»; екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер » - « Барлық құжаттар» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, **есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға**, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азамат НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар: «Отбасы банкі» АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу), «Халық банкі» АҚ (білім алу ақысын төлеу), «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы көмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды көмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында осы тақырып бойынша бейне нұсқаулықты көруге болады:

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсініктемесі:

https://www.youtube.com/watch?v=APG2vAtmMk0

«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың бейнетүсініктемесі:

https://www.youtube.com/watch?v=APG2vAtmMk0

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша «Сұрақ-жауап» бейнетүсініктемесі:

https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAuVUk

https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk

«Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық:

https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc

https://www.youtube.com/watch?v=vjyC2c-HgqrQ

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру туралы нұсқаулық:

https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA

https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU

Суреттер сөйлегенде

Таза Қазақстан. Қызылорда. Сенбілік.

Қала көшелері, жаяу жүргіншілер жолдары, сондай-ақ шағын архитектуралық формалар мен аялдамалар жуылып, аумақтары тазалан, коммуналдық қызметтер күндіз-түні жұмыс істеп, шаһардың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған кешенді шараларды жүргізуде.



ТАСБӨГЕТ ПЕН ҚАЛАНЫ ЖАЛҒАЙТЫН ЖОБА АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Бас шаһардың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Назарбаев даңғылын, А. Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш. Есенов көшелерін қайта жаңғырту» жобасы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда аталған көшелердің жол жабыны жаңартылып, инженерлік және жол инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес қайта жаңғыртылуда. Мердігер мекеме «УАД» компаниясы жұмысты мерзімінен бұрын аяқтауды жоспарлап отыр.



ҚЫЗЫЛОРДА - ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

«ҮЗДІК АУЛА-2026» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ

ҮЗДІК АУЛА-2026

Ауланды көркейту – қаламызды көркейту!

ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:
20 ШІЛДЕ – 1 ҚЫРКҮЙЕК
2026 ЖЫЛ

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

Қаламыздың аула аумақтарын абаттандыруды, көгалдандыруды, тазалықты сақтауды, жасыл және жайлы орта құруды насихаттау, ең үздік аулаларды анықтау.

КАТЫСУШЫЛАР:

Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлерінің аула тұрғындары.

ЖЕҢІМПАЗДАР
ҚОМАҚТЫ АҚШАЛАЙ СЫЙАҚЫМЕН МАРАПАТТАЛАДЫ!

ҚАТЫСЫҢЫЗ!
ҚАЛАМЫЗДЫ
БІРГЕ КӨРКЕЙТЕЙІК!

ТАЗА АУЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ! | #QZO #QYZYLORDA | #ҮздікАула2026

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- Ауламыз тазалығы мен күтімі
- Көгалдандыру және гүлдендіру
- Инфрақұрылымының болуы (орындық, қоқыс жәшігі, жарықтандыру т.б.)
- Балалар мен демалыс аймақтарының қолжетімділігі
- Шығармашылық және ерекше дизайн
- Тұрғындардың белсенді қатысуы



Саябақты аралаған қала әкімі тапсырмасына сәйкес Батырхан Шөкенов саябағындағы қоқыс жәшіктері, орындықтар сырланып, жасыл-желегін балақтау, қураған талдарды кесу жұмыстары жүргізілді.

1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА АБАТТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ӨЗГЕРДІ

Енді жеке үй мен коммерциялық нысан иелері өз аумағынан бөлек үйінен 5 метрге дейінгі іргелес аумақтың тазалығына да жауап береді.

- Не өзгерді?
- 5 метрлік іргелес аумақ заңмен нақты бекітілді.
 - Қоқыс, арамшөп, қар мен мұзды тазалау міндетті.
 - Қоршау сыртында құрылыс материалдарын, отын, тыңайтқыш, тіркеме немесе көлікті ұзақ уақыт қалдыруға болмайды.
 - Үйдің нөмірлік белгісі болуы, қасбет пен қоршау күтімді болуы тиіс.
 - Құрылыс қоқысын тек арнайы орындарға шығару қажет.

- Айыппұлдар:
- Абаттандыру қағидаларын бұзғаны үшін – 20 АЕК (86 500 теңге).
 - Ортақ аумақты ластағаны үшін – 10 АЕК (43 250 теңге) немесе қоғамдық жұмыс.
 - Қайталанса, жаза күшейеді.
- Хаттаманы енді полициямен қатар әкімдік инспекторлары да толтыра алады.
- Ескертпе: 5 метрлік аумаққа қоқысты басқа біреу тастап кетсе де, оны тазалау міндеті меншік иесіне жүктеледі. Айыппұл төлегеннен кейін де қоқыс тазаланбаса, қайтадан жауапкершілікке тартылады.

